

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамдастығы	
Құжат атауы::	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
Құжат түрі: ББЖ қағидалары	KMG-PR-1942.2-06	22 беттің 1-беті
Әзірледі: Махин А.М.  «___» _____ 2026 ж.	Тексерді: Жұмағазиева Ш.Қ.  «___» _____ 2026 ж.	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2025 жылғы 26 мамырдағы №21/17 хаттамасымен бекітілген, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2026 жылғы 24 шілдедегі №23/10 хаттамасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген

1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер

1.1. Осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның (бұдан әрі – ҚМГ) және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – ЕҰ) қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) ҚМГ/ЕҰ-ның қайырымдылық саласындағы қызметін жүзеге асыру тәртібін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

1.2. Қағидалар қайырымдылық көмекті қарау және көрсету, сондай-ақ қайырымдылық жобаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу, негізгі басым бағыттарын, тәртібін айқындайды.

1.3. Қағидалар «Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, ҚМГ Жарғысына, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Қайырымдылық саясаты мен Қайырымдылық бағдарламасына, Қор тобына кіретін ұйымдардың қайырымдылық көмекті (қайырымдылық жобасын) жоспарлау, қарау және алдын ала мақұлдау қағидаларына (бұдан әрі – Қор қағидалары) сәйкес әзірленді.

1.4. ҚМГ/ЕҰ, Пайдаланушылар және Қайырымдылық ұйымдары «Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген заңдылық, теңдік, еріктілік және жариялылық қағидаттары негізінде қайырымдылыққа қатысады.

1.5. Егер қайырымдылық жобасын іске асыруға ҚМГ-ның үлестес тұлғалар қатысқан жағдайда, қайырымдылық көмек көрсету туралы шешім қабылдау тәртібін қоспағанда, жоба осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады. Мұндай шешім мүдделілікпен мәмілелер жасау үшін белгіленген тәртіппен қабылданады.

1.6. Қайырымдылық көмек көрсетуге және адамгершілік қажеттіліктерді қанағаттандыруға негізделген, демеушілік және меценаттық қызмет түрінде ерікті негізде, өтеусіз не жеңілдікті шарттармен жүзеге асырылатын, Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес және онда көзделген бағыттар мен іс-шаралар бойынша ғана іске асырылатын әлеуметтік пайдалы қызмет қайырымдылық деп танылады.

1.7. Қайырымдылықты жүзеге асырудың негізгі басым бағыттары:

1) әлеуметтік және медициналық сектордағы адамдарға және қоғамдарға көмек көрсету;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
ББЖ қағидалары	KMG-PR-1942.2-06	22 беттің 2-беті

2) медианы, мәдени қоғамдастықты, адами әлеуетті дамыту, еңбек қатынастарын нығайту және қоғамның тұрақты дамуына инвестициялар;

3) ҚМГ компаниясы тобы қатысатын өңірлерде әлеуметтік инвестициялардың өңірлік бағдарламасын іске асыру;

4) ҚМГ және (немесе) ҚМГ компаниялар тобының беделін нығайту және имиджін ілгерілету.

1.8. Қайырымдылыққа қаражатты келесі мақсаттарға жұмсауға болмайды:

1) салтанатты және мерейтойлық іс-шараларды, концерттерді, дөңгелек үстелдерді, конференцияларды, симпозиумдарды, фестивальдерді, көрмелерді және өзге де ұқсас іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге;

2) жеке және заңды тұлғалардың кредиторлық берешегін өтеуге;

3) кәсіби спорт клубтарын немесе жекелеген спортшыларды қаржыландыруға.

1.9. Қайырымдылық діни ұйымдарға, саяси партияларға, кәсіптік одақтарға, сайлау қорларына, коммерциялық ұйымдарға, тұтыну кооперативтеріне және мемлекеттік органдарға қатысты жүзеге асырылмайды.

Қайырымдылық осы тармақта көрсетілген тұлғалар бастамашылық жасаған және (немесе) іске асыратын жобаларға қатысты жүзеге асырылмайды.

1.10. ҚМГ/ЕҰ қайырымдылық көмегін Қордың тиісті кезеңге және/немесе Қордың қайырымдылық бағдарламасы шеңберінде белгілеген қайырымдылық лимиттері шеңберінде ақшамен ғана көрсете алады.

1.11. ҚМГ-ның шоғырландырылған даму жоспарымен бекітілген қайырымдылық көмек сомасына сәйкес ҚМГ/ЕҰ Шарттардың талаптарына сәйкес Пайдаланушыларға немесе Қайырымдылық ұйымдарына ақшалай қаражатты біржолғы тәртіппен не транштармен аударады.

1.12. ҚМГ/ЕҰ Пайдаланушыға немесе Қайырымдылық ұйымына қайырымдылық көмек ретінде аударатын ақшалай қаражат ҚМГ-ның Есеп саясатына сәйкес есепке алынады.

1.13. ҚМГ/ЕҰ Пайдаланушылар мен Қайырымдылық ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету туралы өтініштерін қарауды және қайырымдылық көмек көрсетуді Қордың Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес, Қағидалар негізінде, сондай-ақ ҚМГ/ЕҰ ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

1.14. Қайырымдылық көмек Пайдаланушыларға тікелей және (немесе) Қайырымдылық ұйымдары арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және оның орынбасарларының, Қор Басқарма Төрағасының тапсырмалары бойынша көрсетілуі мүмкін.

1.15. Қайырымдылық көмек әдетте пайдаланушыларға тікелей көрсетіледі. Егер қайырымдылық көмекті түпкілікті алушылар мүдделерін қайырымдылық ұйымдары білдіретін жеке тұлғалар болып табылса, көмек осындай ұйымдар арқылы көрсетілуі мүмкін.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
ББЖ қағидалары	KMG-PR-1942.2-06	22 беттің 3-беті

1.16. Қайырымдылық жобаларын іске асыру ҚМГ/ЕҰ қаржылық тұрақтылығына теріс әсер етпеуге тиіс.

1.17. Ережелер ҚМГ сайтында жариялануға тиіс.

2. Қолдану саласы

2.1. ЕҰ-да қағидаларды қолдану ұқсас қағидаларды әзірлеу және бекіту немесе ЕҰ-ның ішкі құжаттарын ЕҰ қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, қағидаларға сәйкес келтіру арқылы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2.2. ҚМГ және ол құратын Қайырымдылық жобаларын қарау және іріктеу жөніндегі комиссия Қағидалардың 5.2.9-тармағының 2) тармақшасында көзделген өлшемшарттарға сәйкес келетін өтініштерді қарайды. Барлық өзге өтініштер Комиссия айқындаған ЕҰ үшін Лимит (қор) шеңберінде ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен қаралады.

2.3. ЕҰ үшін Лимит (қор) шеңберінде өз бетінше қайырымдылық көмек көрсету мақсатында Қағидаларға сәйкес келетін ішкі нормативтік құжаттарды қабылдауы не Қағидаларға қайшы келген жағдайда оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуі тиіс.

2.4. Қағидалармен реттелмеген ережелер «Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Қордың/ҚМГ нормативтік құжаттарымен реттеледі.

3. Анықтамалар мен қысқартулар

3.1. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

қайырымдылық	қайырымдылық көмек көрсетуге және ізгілік қажеттіліктерді қанағаттандыруға негізделген, филантропиялық, демеушілік және меценаттық қызмет, сондай-ақ кіші отанға қолдау көрсету түрінде ерікті, өтеусіз не жеңілдікті шарттармен жүзеге асырылатын әлеуметтік пайдалы қызмет;
қайырымдылық ұйымы	қайырымдылықты жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық емес ұйым;
Қордың қайырымдылық бағдарламасы	Қордың басқару органы бекіткен қайырымдылық көмекті жүзеге асыру мерзімдері мен тәртібін қамтитын шаралар жүйесі;
Қайырымдылық жоба	Қордың қайырымдылық саясатында, Қордың қайырымдылық бағдарламасында көрсетілген бағыттар бойынша мәлімделген шығыстар сметасы мен мерзім шеңберінде қайырымдылықты жүзеге асыруға арналған іс-шаралар кешені;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
ББЖ қағидалары	КМГ-PR-1942.2-06	22 беттің 4-беті

Қайырымдылық көмек	ҚМГ/ЕҰ атқарушы органының шешімі бойынша Пайдаланушыларға өтеусіз негізде көрсетілетін қаржылық (ақшалай) көмек, сондай-ақ заттай нысандағы көмек;
ҚМГ компаниялар тобы	ҚМГ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ ҚМГ қызметін бақылауға құқылы заңды тұлғалар;
Еншілес ұйымдар (ЕҰ)	жарғылық капиталының басым бөлігін ҚМГ қалыптастырған не егер олардың арасында жасалған шартқа сәйкес (не өзге түрде) ҚМГ осы ұйым қабылдайтын шешімдерді айқындау мүмкіндігіне ие заңды тұлға;
Шарт	қайырымдылық көмек көрсету туралы шарт, оған сәйкес ҚМГ/ЕҰ Пайдаланушыға қайырымдылық көмек көрсетеді;
Жетекшілік ететін басшы	қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қызметті үйлестіретін және бақылайтын ҚМГ басшысы;
Комиссия	өтініштер бойынша қайырымдылық жобаларын қарау және іріктеу жөніндегі ҚМГ-ның алқалы орган;
Компания	«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының және оған дейінгі жиынтық атауы;
ҚМГ-ның шоғырландырылған даму жоспары	компанияның осы қызмет нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған бизнес-бастамалар портфелінің кешені базасында орта мерзімді ҚТК айқындайтын ҚМГ даму стратегиясын іске асыру мақсатында бес жылдық жоспарлы кезеңге арналған компанияны басқарудың негізгі құралы, оның ішінде осы нәтижеге әсер ететін функционалдық бағыттар, бастамалар бойынша іс-шаралар (бағдарламалар) тізбесі (HR, корпоративтік басқару және тб.);
Мүдделер қақтығысы	ҚМГ қызметкерінің немесе лауазымды адамының жеке пайдасы немесе қызметі ҚМГ мүдделеріне қайшы келетін немесе олармен ықтимал қайшы келуі мүмкін және сол арқылы олардың өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауына және ҚМГ-ға қатысты мәселелер бойынша

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
ББЖ қағидалары	КМГ-PR-1942.2-06	22 беттің 5-беті

	шешімдердің объективтілігіне әкеп соғуы мүмкін кез келген жағдайлар немесе мән-жайлар;
Корпоративтік қор	«Samruk-Kazyna Trust» Корпоративтік қор;
Атқарушы орган	ҚМГ-ның немесе ЕҰ-ның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын ҚМГ немесе ЕҰ жалғыз немесе алқалы атқарушы органы;
Өтініш	ҚМГ немесе ЕҰ мекенжайына жазбаша өтініш және Пайдаланушы қайырымдылық көмегін алу үшін Қағидаларда талап етілетін құжаттар жиынтығы;
Жауапты құрылымдық бөлімше	Адами ресурстарды басқару департаментінің Әлеуметтік саясат басқармасы;
Пайдаланушы	Қағидаларға сәйкес қайырымдылық көмек алатын коммерциялық емес ұйым, оның ішінде Қайырымдылық ұйымы;
Шұғыл өтініштер	дереу қайырымдылық көмек көрсету үшін талап етілетін қайырымдылық көмек көрсету туралы өтініш;
Қор	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ;
ЕҰ үшін Лимит (қор)	қайырымдылық көмекті дербес көрсету үшін ҚМГ атқарушы органы бекітетін ЕҰ ақшалай қаражат лимитінің мөлшері және осындай ЕҰ тізбесі.

4. Жауаптылық

4.1. ҚМГ/ЕҰ атқарушы органдары Қағидалар талаптарының сақталуына, қайырымдылық көмек көрсету туралы шешімдердің негізділігіне, сондай-ақ Қағидалар мен Шарттарда көзделген жағдайларда қаражатты қайтару жөніндегі шараларды қабылдауға жауапты болады.

4.2. Жауапты бөлімше:

1) жобаларды іске асыру кезінде Шарттың үлгілік нысанын қоса алғанда, Қағидалар талаптарының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуге;

2) ҚМГ/ЕҰ құрылымдық бөлімшелердің Шарт талаптарының орындалуына (оның ішінде қаражаттың нысаналы жұмсалыуына) мониторинг пен бақылауды жүзеге асыруына;

3) Осы Қағидалардың 5.1.2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, келіп түскен өтініштердің ұсынылған құжаттардың толықтығы мен дұрыстығын қоса алғанда, Қағидалар талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеруге және құжаттардың толық топтамасын қалыптастыруға, сәйкес келмейтін құжаттарды қайтаруға, өтініштерді мәні бойынша Комиссияның қарауына шығаруға;

4) Осы Қағидалардың 5.1.2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚМГ-ның комплаенс және беделдік тәуекелдерін барынша азайту және Комплаенс

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
ББЖ қағидалары	KMG-PR-1942.2-06	22 беттің 6-беті

қызметінің тиісті қорытындысын алу мақсатында әлеуетті Пайдаланушының, Қайырымдылық ұйымының сенімділігін тексеру үшін ҚМГ-нің тиісті ішкі құжаттарында көзделген құжаттар топтамасын Комплаенс қызметіне жолдауға;

5) осындай іс-шараларды іске асыруға қайырымдылық көмек көрсету тәуекелдерін болғызбау мақсатында әлеуетті Пайдаланушылардан немесе қайырымдылық ұйымдарынан Қор тобының басқа ұйымдарының, оның ішінде корпоративтік қордың мәлімделген іс-шараны қаржыландыруының жоқтығы туралы растама алуға;

6) пайдаланушымен немесе қайырымдылық ұйымымен шарт жасасу рәсімін ұйымдастыруға, сондай-ақ қаражатты нысаналы пайдалануды қоса алғанда, Шарт талаптарының орындалуына мониторинг пен бақылау жүргізуге;

7) мониторинг нәтижелері бойынша мүдделі тұлғаларды Пайдаланушымен немесе қайырымдылық ұйымымен шартта белгіленген жағдайларда ақшалай қаражатты қайтару жөнінде шаралар қабылдау туралы хабардар етуге;

8) қайырымдылық жобаларын іске асыру туралы қорытынды есепті дайындауға және Қорға жіберуге жауапты.

4.3. Функционалдық міндеттеріне ҚМГ-ның шоғырландырылған даму жоспарын қалыптастыру кіретін ҚМГ-ның құрылымдық бөлімшесі белгіленген тәртіппен:

1) тиісті кезеңге арналған ҚМГ-ның шоғырландырылған даму жоспарын бекіту шеңберінде қайырымдылыққа арналған шығыстарды қалыптастыруға;

2) тиісті кезеңге арналған ҚМГ-ның шоғырландырылған даму жоспарын және қайырымдылыққа жұмсалатын шығыстар сомасын бекіту туралы жауапты бөлімшені хабардар етуге;

3) бір жыл ішінде ЕҰ қызметінің теріс қаржылық нәтижесінің болжамдары туралы ақпарат ұсынуға;

4) ЕҰ үшін белгіленген Лимиттің (қордың) сақталуына мониторингті және бақылауды жүзеге асыруға жауапты.

4.4. Комиссия төрағасы, мүшелері Қағидалардың талаптарына сәйкес қайырымдылық жобаларын іріктеудің негізділігі үшін жауап береді.

4.5. Комиссия хатшысы:

1) Комиссия отырыстарын дайындау және өткізу бойынша қажетті шараларды ұйымдастыруға;

2) келіп түскен құжаттарды Комиссия отырыстарына материалдарға қоса тіркеуге;

3) Пайдаланушылар, қайырымдылық ұйымдары/ЕҰ атқарушы органдарының өкілдері комиссиясының отырыстарына баяндамашылар ретінде қатысуға шақыруға;

4) комиссия отырыстарының хаттамаларын ресімдеу және мүдделі тұлғаларды қабылданған шешімдер туралы хабардар етуге;

5) комиссия отырыстарының хаттамаларын жауапты бөлімшеге беруге жауапты.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
ББЖ қағидалары	KMG-PR-1942.2-06	22 беттің 7-беті

4.6. ЕҰ атқарушы органы:

1) қайырымдылық жобаларын іске асыру, ЕҰ үшін Лимит (қор) шеңберінде қайырымдылық көмек көрсету туралы дербес қабылданған шешімдердің заңдылығы мен негізділігіне;

2) қағидалар мен шарттарда көзделген жағдайларда ақшаны нысаналы пайдалану және ақшаны қайтару мониторингін жүргізуге;

3) шұғыл сауалдарға жауаптарды қоса алғанда, ҚМГ мониторингі шеңберінде есептілік пен ақпарат беруге жауапты.

4.7. Комплаенс қызметі белгіленген тәртіппен комплаенс және беделдік тәуекелдерді барынша азайту мақсатында әлеуетті Пайдаланушы мен қайырымдылық ұйымының сенімділігіне қатысты қорытындылар ұсынуға жауапты болады.

4.8. Функционалдық міндеттеріне ақпараттық және имидждік саясатты іске асыру кіретін құрылымдық бөлімше осы Қағидалардың 5.6-тармаққа сәйкес ҚМГ-да қайырымдылық жобаларын ақпараттық-имидждік сүйемелдеу жөніндегі іс-шараларды іске асыруға белгіленген тәртіппен жауапты болады.

4.9. ҚМГ/ЕҰ уәкілетті құрылымдық бөлімшелері Пайдаланушылармен, қайырымдылық ұйымдарымен наразылық-талап қою жұмысы шеңберінде мақсатсыз жұмсау сомаларын, айыппұлдарды және басқа да іс-шараларды өндіріп алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға жауапты болады.

5. Процесс сипаттамасы

5.1. Жауапты бөлімшенің қайырымдылық көмек көрсету туралы өтініштерді алдын-ала қарау тәртібі

5.1.1. ҚМГ компаниялар тобында іс жүргізу жөніндегі Регламентте белгіленген тәртіппен келіп түскен өтініштер жауапты бөлімшеге жіберіледі. Ол келесідей өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) Пайдаланушылардың, Қайырымдылық ұйымдарының, оның ішінде ЕҰ арқылы келіп түскен өтініштерді осы Қағидаларға сәйкестігі тұрғысынан алдын ала қарау;

2) жетіспейтін құжаттарға сұрау салу не өтініштер Қағидаларға сәйкес келмеген жағдайларда өтінішті Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру үшін 10 (он) күндік мерзімді көрсете отырып, жазбаша дәлелді жауап беру арқылы қайтару. Пайдаланушы немесе Қайырымдылық ұйымы ұсынылған мәліметтердің, құжаттардың толықтығы, дұрыстығы және өзектілігі, сондай-ақ ұсынылған құндық есептердің, сметалардың, коммерциялық ұсыныстардың және қайырымдылық жобасын іске асыру құны туралы мәліметтерді қамтитын өзге де құжаттардың негізділігі мен дұрыстығы үшін жауапты болады. KMG-F-1943.2-06/KMG-PR-1942.2-06 нысанына сәйкес келмеуіне байланысты ресми себептер бойынша өтінішті қараудан бас тартуға жол берілмейді;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
ББЖ қағидалары	KMG-PR-1942.2-06	22 беттің 8-беті

3) Пайдаланушылардан, қайырымдылық ұйымдарынан Қор тобының басқа ұйымдарының, оның ішінде корпоративтік қордың қайырымдылық жобасын қаржыландырмағаны туралы растама алу;

4) қажет болған жағдайда іске асырылатын жобалар шеңберінде әлеуетті тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, сондай-ақ тиісті қорытынды алу үшін өтінішті толық құжаттар топтамасымен тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру және үйлестіру міндеттері жүктелген құрылымдық бөлімшеге жолдау;

5) Осы Қағидалардың 5.1.2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Пайдаланушының, қайырымдылық ұйымының сенімділігіне тексеру жүргізу және тиісті қорытынды алу үшін толық құжаттармен қоса өтінішті комплаенс қызметіне жіберу;

6) мониторинг пен бақылау нәтижелері бойынша Пайдаланушымен немесе Қайырымдылық ұйымымен жасалған Шартта белгіленген жағдайларда ақшалай қаражатты қайтару жөнінде шаралар қабылдау үшін материалдарды құжаттардың толық топтамасымен бірге мүдделі құрылымдық бөлімшелерге жолдау;

7) ұсынылған құжаттар мен материалдарды қайырымдылық жобасының осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарауды жүзеге асыру, сондай-ақ жобаның қайырымдылық қызметінің негізгі басым бағыттары мен осы Қағидалардың 5.2.9-тармағының 2) тармақшасында көзделген өлшемшарттарға сәйкестігі (сәйкес келмеуі) туралы ақпарат қамтылған дәлелді қорытынды дайындау, оның ішінде:

7.1) құрылыс жобалары (объектілерді жаңа салуды, реконструкциялауды немесе күрделі жөндеуді көздейтін жобалар) бойынша:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жобалау алдындағы және (немесе) жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге қатысты құжаттардың болуын тексеру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болған жағдайда кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысының болуын тексеру;

- сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қажетті келісулерден өтуін және рұқсат беру құжаттарын алуын растайтын құжаттардың (сәулет-жоспарлау тапсырмасы, эскиздік жоба, құрылысқа талон және т.б.) болуын тексеру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді және соған байланысты рәсімдерден өтуді талап етпейтін жөндеу жұмыстары жұмыстардың көлемін, құнын және орындылығы айқындау үшін Пайдаланушы сметаны, эскиздерді және өзге де қажетті құжаттарды ұсынған кезде қаралуға жатады;

7.2) жергілікті халықты қамту ауқымы өлшемшарты бойынша. Жергілікті халықты қамту ауқымы өтініш беруші ұсынған құжаттар мен материалдар негізінде

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
ББЖ қағидалары	KMG-PR-1942.2-06	22 беттің 9-беті

айқындалады және мынадай сандық және (немесе) сапалық көрсеткіштермен расталады.

Сандық есепке алу құжаттары:

- іс-шараларға қатысушыларды тіркеу тізімдері (парақтары), ал ақпараттық технологияларды пайдалана отырып өткізілетін іс-шаралар бойынша – ақпараттық жүйелерден тіркеу деректерінің үзінділері;

- өткізілген іс-шаралар туралы есептер, қатысушылардың санын және жобаны іске асыру ауқымын растайтын фото-, бейне- және өзге де материалдар;

- трансляцияларды қарау саны, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердегі жарияланымдарды қамту, материалдарды жүктеп алу саны, интернет-ресурстарға кіру саны және өзге де ұқсас көрсеткіштер туралы статистикалық мәліметтер.

Талдамалық және әлеуметтік зерттеу материалдары:

- қатысушылардың жобаның мақсатты аудиториясына жататынын растайтын сауалнамалардың, анкета жүргізудің, сұхбаттардың, тестілеудің және өзге де зерттеулердің нәтижелері;

- қайырымдылық көмекті алушылардың нақты саны, сондай-ақ олардың әлеуметтік және демографиялық сипаттамалары туралы мәліметтерді қамтитын талдамалық анықтамалар және өзге де құжаттар.

Жобаның нақты іске асырылғанын растайтын құжаттар:

- қабылдау-тапсыру актілері, беру ведомостері, қолхаттар және қайырымдылық көмектің алынғанын растайтын өзге де құжаттар;

- мемлекеттік органдардың, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының, жергілікті атқарушы органдардың және өзге де ұйымдардың жобаның іске асырылғанын және қамтылған қайырымдылық көмек алушылардың санын растайтын ресми хаттары, пікірлері, алғыс хаттары;

- өтініш беруші ұсынған жергілікті халықты қамту ауқымын растайтын өзге де құжаттар мен материалдар.

7.3) әлеуметтік жобаның өңір үшін маңыздылығы өлшемшарты бойынша. Әлеуметтік жобаның өңір үшін маңыздылығы жобаның халықтың өзекті әлеуметтік қажеттіліктерін шешуге, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және (немесе) өзге де қоғамдық маңызы бар нәтижелерге қол жеткізуге бағытталғанын растайтын өтініш беруші ұсынған құжаттар мен материалдар негізінде айқындалады, оның ішінде:

- мемлекеттік органдардың (министрліктердің, әкімдіктердің, Ұлттық статистика бюросының) және өзге де ресми ақпарат көздерінің ресми статистикалық деректері;

- жобаны іске асырудың өзектілігін растайтын әлеуметтік зерттеулердің, сауалнамалардың, фокус-топтардың, сараптамалық қорытындылардың және өзге де зерттеулердің нәтижелері;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
ББЖ қағидалары	KMG-PR-1942.2-06	22 беттің 10-беті

- мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың және өзге де мүдделі тұлғалардың ресми қолдау хаттары, қорытындылары мен ұсынымдары;

- жобаны іске асырудың күтілетін нәтижелерінің сандық және сапалық көрсеткіштерін, оның ішінде қайырымдылық көмек алушылардың саны, әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы, әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігінің артуы және өзге де қоғамдық маңызы бар нәтижелер туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар;

- жобаның мемлекеттік, өңірлік және салалық бағдарламаларға, стратегияларға, тұжырымдамаларға, даму жоспарларына және стратегиялық жоспарлаудың өзге де құжаттарына сәйкестігін растайтын құжаттар;

- өтініш беруші ұсынған әлеуметтік жобаның өңір үшін маңыздылығын растайтын өзге де құжаттар мен материалдар.

7.4) қорытынды дайындау кезінде Жауапты бөлімше:

- өтінішті қарау үшін қажетті қосымша құжаттар мен мәліметтерді Пайдаланушыдан немесе Қайырымдылық ұйымынан сұратуға;

- Пайдаланушы ұсынған коммерциялық ұсыныстардың, сметалардың, құндық есептердің және өзге де құжаттардың негізділігін тексеру мақсатында үшінші тұлғаларға бағалық ұсыныстарды, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің нарықтық құны туралы ақпаратты не өзге де ақпаратты ұсыну туралы сұрау салулар жолдауға құқылы.

8) Комиссия хаттамаларын сақтауды жүзеге асыру;

9) шарттар жасасу.

5.1.2. Қордың, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қорға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында үшінші тұлғаларға комплаенс-тексеру жүргізу қағидаларына сәйкес 1-топ контрагенттеріне жатқызылған ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының өтініштері сенімділікке тексеру жүргізу үшін Комплаенс қызметіне жіберілмейді.

Қор компаниялар тобының қайырымдылық қызметінің бірыңғай операторы болып табылатын Корпоративтік қор жүгінген жағдайда, қайырымдылық көмек көрсету туралы өтініштерді қарау үшін осы Қағидаларда көзделген толық құжаттар топтамасын ұсыну талап етілмейді.

Мұндай өтініштерді қарау өтініштің мәні бойынша шешім қабылдау үшін өзгеше талап етілмесе, Корпоративтік қор ұсынған құжаттар мен материалдар негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте Корпоративтік қормен жасалатын шартта (келісімде) Корпоративтік қордың қайырымдылық жобасын іске асыруға байланысты тәуекелдерді дербес сәйкестендіруді, бағалауды және оларды барынша азайту (митигациялау) жөніндегі шараларды қабылдауды қамтамасыз еткенін, сондай-ақ комплаенс-тексеруді қоса алғанда, қажетті тексерулерді дербес жүргізгенін растайтын

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
ББЖ қағидалары	KMG-PR-1942.2-06	22 беттің 11-беті

ережелер көзделуге тиіс. Аталған тексерулерді жүргізу және тиісті тәуекелдерді басқару үшін жауапкершілік Корпоративтік қорға жүктеледі.

5.1.3. Жауапты бөлімше алдын-ала қараған қайырымдылық жобалары бойынша Комплаенс қызметінің қорытындысын дайындау мерзімі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында үшінші тұлғаларға комплаенс-тексеру жүргізу қағидаларына сәйкес айқындалады. Мұндай қорытынды мәні бойынша шешім қабылдау үшін оны комиссияға/ҚМГ атқарушы органына берген кезде өтінішке қоса тіркеледі.

5.1.4. ҚМГ жауапты бөлімшесі өтініштерді алдын-ала қарауды күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырады, жетіспейтін құжаттар сұратылған жағдайда, бірақ күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзім ұзартылады.

5.1.5. Жауапты бөлімше өтініштерді алдын ала қарау нәтижелері бойынша материалдарды қалыптастырады және оларды Комиссияның қарауына шығарады, сондай-ақ Комиссияның отырыстарын шақырады.

5.2. Комиссия және Комиссияның қайырымдылық жобаларын іріктеу тәртібі

5.2.1. Комиссия, осы Қағидалардың 5.2.9-тармаққа сәйкес қызметін жүзеге асыратын ҚМГ Басқарма төрағасының бұйрығымен құрылатын ҚМГ-ның тұрақты жұмыс істейтін алқалы органы болып табылады. Комиссия құрамына:

1) Комиссия төрағасы – адами ресурстарды басқару бағытына жетекшілік ететін Басқарма төрағасының орынбасары. Ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы тұлға;

2) Комиссия төрағасының орынбасары – қарауға шығарылатын қайырымдылық жобасына қатысты қызмет бағытына жетекшілік ететін Басқарма төрағасының орынбасары. Ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы тұлға;
Комиссия мүшелері:

3) функционалдық міндеттеріне ҚМГ компаниялар тобының бюджеттеу және жоспарлау саласындағы қызметін қамтамасыз ету кіретін құрылымдық бөлімшенің басшысы. Ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы тұлға;

4) функционалдық міндеттеріне қайырымдылық мәселелері кіретін құрылымдық бөлімшенің басшысы. Ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы тұлға;

5) функционалдық міндеттеріне ҚМГ компаниялар тобының қызметін құқықтық қамтамасыз ету кіретін құрылымдық бөлімшенің басшысы. Ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы тұлға.

Комиссия құрамы тақ санда құралады. Комиссияның мүшесі болып табылмайтын хатшысын жауапты бөлімшенің қызметкері айқындайды.

Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі, бірақ Комиссия төрағасының шешімі бойынша өзге де ерекше жағдайларды қоспағанда, айына бір реттен жиі өткізілмейді.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
ББЖ қағидалары	KMG-PR-1942.2-06	22 беттің 12-беті

5.2.2. Комиссия ЕҰ-ның қаржылық тұрақтылығын, олардың жұмыскерлерінің санын, ЕҰ өңірінің ерекшелігін ескере отырып, ЕҰ үшін Қордың (лимиттің) мөлшерін және қайырымдылық көмекті дербес көрсете алатын осындай ЕҰ-ның тізбесін айқындайды.

5.2.3. Комиссия заңнамада және осы Қағидаларда белгіленген қағидаттарды басшылыққа ала отырып, қайырымдылық жобаларын объективтілік, толықтық және негізділік қағидаттары негізінде қарайды және іріктейді.

5.2.4. Комиссияның шешімдері қарапайым көпшілік дауыс негізінде ашық дауыс беру жолымен қабылданады. Кворум Комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамын құрайды. Дауыстар тең болған кезде Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Комиссия отырысының шешімдері дауыс беру күнінен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей Комиссия хатшысы жасайтын хаттама түрінде ресімделеді. Хаттамада дауыс беруге қойылған мәселелер, «жақтап» және «қарсы» дауыстардың сандық қорытындылары жазылады.

5.2.5. Шешімі көпшілік шешімінен өзгеше болған Комиссия мүшесі хаттамаға қол қоюға міндетті, бірақ хаттамаға қоса тіркелетін ерекше пікірін жазбаша түрде білдіруге құқылы.

5.2.6. Комиссия мүшесі отырыста дәлелді себеппен болмаған жағдайда, ол хатшыға оның болмау себебін растайтын құжаттың көшірмесін ұсынуға міндетті, ол хаттамаға қоса тіркеледі.

5.2.7. Қандай да бір қайырымдылық жобасы бойынша мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда Комиссия мүшесі жазбаша түрде өздігінен бас тартуды мәлімдеуге және дауыс беруге қатыспауға міндетті.

5.2.8. Комиссия отырыстарында қайырымдылық жобаларының мәселелері бойынша баяндамашылар Пайдаланушылар, қайырымдылық ұйымдарының, ЕҰ өкілдері, сондай-ақ қаралатын жобалар бойынша қажетті ақпаратты ұсыну үшін қатысуы қажет деп танылған өзге де тұлғалар бола алады.

5.2.9. Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) қайырымдылықты жүзеге асырудың басым бағыттарына сәйкес қайырымдылық жобаларын дербес іске асыруға арналған ЕҰ үшін Лимиттің (Қордың) мөлшерін ЕҰ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен айқындау;

2) мынадай өлшемшарттарды ескере отырып, бірақ олармен шектелмей, қайырымдылық қызметінің белгіленген негізгі басым бағыттары мен мақсаттарына сәйкес келетін қайырымдылық жобаларын қарау, бағалау және іріктеу:

- құрылыс жобалары – Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес іске асырылатын объектілерді жаңа салуды, реконструкциялауды немесе күрделі жөндеуді көздейтін жобалар. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді және соған байланысты рәсімдерден өтуді талап етпейтін жөндеу жұмыстары жұмыстардың көлемін, құнын және

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
ББЖ қағидалары	KMG-PR-1942.2-06	22 беттің 13-беті

орындылығын айқындауға мүмкіндік беретін смета, эскиздер және өзге де құжаттар болған кезде қаралады;

- жергілікті халықты қамту ауқымы – өтініш беруші ұсынған құжаттар мен мәліметтер негізінде айқындалатын қайырымдылық көмектің әлеуетті және (немесе) нақты алушыларының саны;

- әлеуметтік жобаның өңір үшін маңыздылығы – өтініш беруші ұсынған құжаттар мен материалдармен расталатын жобаның тиісті өңір халқының өзекті әлеуметтік қажеттіліктерін шешуге, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және (немесе) өзге де қоғамдық маңызы бар нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы.

5.2.10. Қайырымдылық жобаларын қаржыландырудан бас тартуға негіз болып табылады:

- 1) қайырымдылық жобасының қайырымдылық көмек көрсетудің негізгі басым бағыттары мен өлшемдеріне сәйкес келмеуі;

- 2) қайырымдылық мақсаттарына бөлінген ҚМГ бюджетінде ақшалай қаражаттың болмауы немесе жеткіліксіздігі;

- 3) болжамды қайырымдылық көмектің тиімділігін, өзектілігі мен негізділігін талдауды қоса алғанда, қарау нәтижелері бойынша қайырымдылық жобасының іске асырылуын орынсыз деп тану;

- 4) үшінші тұлғалардың қайырымдылық жобасын қаржыландыру фактісін анықтауы;

- 5) пайдаланушының немесе қайырымдылық ұйымының мемлекет немесе үшінші тұлғалар алдында мерзімі өткен берешегінің болуы, пайдаланушының немесе қайырымдылық ұйымының банктік шоттарын және/немесе өзге де мүлкін тыйым салу немесе шектеу;

- 6) пайдаланушының немесе қайырымдылық ұйымының қайырымдылық көмегін алудан бас тартуы, оның ішінде қараудың кез келген кезеңінде бұрын берілген өтінішті кері қайтарып алуы;

- 7) Пайдаланушыны, Қайырымдылық ұйымының құрылтайшысын немесе басшысын алаяқтық, ұрлық не өзге де сыбайлас жемқорлық және мүліктік құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы заңды күшіне енген сот актісінің болуы.

5.2.11. ЕҰ үшін Лимитті (қорды) бөлу туралы, сондай-ақ қайырымдылық көмегі ЕҰ арқылы көрсетілетін қайырымдылық жобалары бойынша Комиссияның шешімі (хаттамадан үзінді) ол қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде тиісті ЕҰ-ға жіберіледі.

5.3. ҚМГ/ЕҰ атқарушы органының шешімдер қабылдауы

5.3.1. ҚМГ қаржыландыратын қайырымдылық жобалары бойынша қайырымдылық көмек көрсету туралы шешімдерді ҚМГ атқарушы органы

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
ББЖ қағидалары	KMG-PR-1942.2-06	22 беттің 14-беті

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы туралы ережеде көзделген тәртіппен және мерзімдерде қабылдайды.

5.3.2. ЕҰ үшін лимит (қор) шеңберінде қайырымдылық көмек көрсету туралы шешімді ЕҰ атқарушы органы ЕҰ-ның ішкі нормативтік құжатында белгіленген тәртіппен дербес қабылдайды.

5.3.3. ҚМГ/ЕҰ атқарушы органының қайырымдылық көмек көрсету туралы шешімі Пайдаланушымен немесе қайырымдылық ұйымымен шарт жасасу үшін негіз болып табылады.

5.4. Пайдаланушымен немесе қайырымдылық ұйымымен шарт жасасу, орындау және бұзу

5.4.1. ҚМГ мен Пайдаланушы немесе қайырымдылық ұйымы арасындағы шартты KMG-F-1945.2-06/KMG-PR-1942.2-06 нысаны бойынша ҚМГ-да шарттардың орындалуын дайындау, жасасу және мониторингілеу қағидаларына сәйкес жауапты бөлімше жасайды. Егер қайырымдылық көмекті түпкілікті алушы жеке тұлға (жеке тұлғалар) болып табылса, шарт жеке тұлғаның (жеке тұлғалардың) мүддесінде әрекет ететін қайырымдылық ұйымымен жасалады.

5.4.2. ЕҰ пайдаланушы немесе қайырымдылық ұйымы арасындағы шарт ЕҰ ішкі нормативтік құжатына сәйкес жасалады.

5.4.3. Қайырымдылық көмек көрсету туралы шартта мыналар көзделуге тиіс:

- 1) қайырымдылық көмек көрсету сомасы мен мақсаттары;
- 2) қаражатты аудару шарттары мен мерзімдері;
- 3) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- 4) қайырымдылық жобаларын іске асыратын ұйымдардың операциялық шығыстарының (комиссиясының) жобаның жалпы сомасынан пайыздық арақатынастағы шекті рұқсат етілетін үлесі;
- 5) бөлінген ақша қаражатының нысаналы пайдаланылуын бақылау (мониторингтеу) шарттары;
- 6) қайырымдылық көмекті нысаналы пайдалану жөніндегі есептер мен растайтын құжаттарды ұсыну мерзімдері;
- 7) пайдаланушының немесе қайырымдылық ұйымының дұрыс емес ақпарат бергені, қайырымдылық көмекті мақсатсыз пайдаланғаны, сондай-ақ берілген ақшалай қаражатты өтеу жолымен Шарт талаптарын орындамағаны үшін жауаптылығы;
- 8) пайдаланушының немесе қайырымдылық ұйымының Шарт талаптарын бұзғаны үшін шарт сомасына не ақшалай қаражатты мақсатсыз пайдалану сомасына пайыздық арақатынаста көрсетілген және шарт сомасының 10% - нан аспауға тиіс айыппұл санкциялары, сондай-ақ ақша қаражатын қайтаруды кешіктірген әрбір күн үшін 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбы.

5.4.4. Шартта жобаның тиімділігіне, Пайдаланушының, Қайырымдылық ұйымдарының қаражатты нысаналы жұмсауына мониторинг жүргізудің қосымша

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
ББЖ қағидалары	KMG-PR-1942.2-06	22 беттің 15-беті

тетіктері, сондай-ақ жобаны тиімсіз іске асыру/қаражатты мақсатсыз пайдалану фактілері анықталған жағдайда ҚМГ/ЕҰ қабылдайтын шаралар көзделуі мүмкін.

5.4.5. Шарт ҚМГ/ЕҰ мен Пайдаланушының немесе Қайырымдылық ұйымының келісімі бойынша, не Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Шартта көзделген жағдайларда ҚМГ/ЕҰ бастамасы бойынша біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.

5.5. Мониторинг және есептілік

5.5.1. Шарттардың орындалуына мониторинг бөлінген ақшалай қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау мақсатында Жауапты бөлімше тарапынан жүргізіледі.

5.5.2. Пайдаланушы, Қайырымдылық ұйымы, ЕҰ Жауапты бөлімшеге тоқсан сайын KMG-F-2096.2-06/KMG-PR-1942.2-06 нысаны бойынша қайырымдылық көмектің нысаналы пайдаланылуы туралы жазбаша есепті, сондай-ақ KMG-F-6186.1-06/KMG-PR-1942.2-06 нысанына және Шартқа сәйкес қайырымдылық көмектің нысаналы пайдаланылуын растайтын құжаттарды ұсынады.

Растайтын құжаттардың толық тізбесі Шартпен айқындалады. Деректерді нақтылау, олардың анықтығын тексеру қажеттілігі туындаған кезде немесе өзге де негізделген мән-жайлар болған жағдайда, ҚМГ/ЕҰ Пайдаланушыдан немесе Қайырымдылық ұйымынан қосымша мәліметтерді немесе құжаттарды сұратуға құқылы. Шартта Пайдаланушының немесе Қайырымдылық ұйымының мұндай сұратуларды тараптар келіскен мерзімдерде орындау міндеті бекітіледі.

5.5.3. Қайырымдылық көмекті мақсатты пайдалану туралы есептерді тексеруді жауапты бөлімше есепті алған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде жүзеге асырады. Нәтижелері бойынша қайырымдылық көмекті мақсатты пайдалануды растау немесе растамау (оның ішінде толық емес) туралы қорытынды жасалады.

5.5.4. Қажет болған жағдайда тексеру жүргізуге ҚМГ/ЕҰ басқа құрылымдық бөлімшелерінің мамандары тартылуы мүмкін. Мұндай жағдайда тартылған құрылымдық бөлімше өзінің функционалдық жауапкершілігі шегінде қорытындыға қол қояды.

5.5.5. Пайдаланушының немесе Қайырымдылық ұйымының мақсатсыз пайдалану фактісі анықталған кезде, олардың қайта жолдайтын өтініштері қарауға қабылданбайды, бөлінген ақшалай қаражат олардың мақсатсыз пайдаланылған көлемінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Шартта белгіленген тәртіппен қайтарылуға жатады.

5.5.6. Осы мақсатта қорытынды жасалған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ҚМГ-нің Жауапты бөлімшесі оны Пайдаланушыға немесе Қайырымдылық ұйымына Шартта белгіленген мерзімде нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған ақшалай қаражатты ерікті түрде қайтару туралы талаппен жолдайды. Ақшалай қаражатты ерікті түрде қайтару туралы талап белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда, ҚМГ-нің Жауапты бөлімшесі қорытындыны

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
ББЖ қағидалары	KMG-PR-1942.2-06	22 беттің 16-беті

нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған ақшалай қаражатты мәжбүрлеп өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдау үшін ҚМГ/ЕҰ-ның құқықтық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесіне, ал құқық бұзушылық белгілері болған кезде – кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылыққа тарту үшін жолдайды.

5.5.7. ЕҰ белгіленген тәртіппен ҚМГ-ға KMG-F-2097.2-06/KMG-PR-1942.2-06 нысаны бойынша қайырымдылық көмек көрсету туралы есепті келесідей жиілікпен ұсынады :

1) тоқсандық – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірілмейтін мерзімде;

2) жылдық – есепті жылдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірілмейтін мерзімде.

Қайырымдылық жобаларын іске асырмау немесе оларды іске асыру мерзімдерін бұзу туралы ақпарат болған кезде есептер оған шұғыл түрде сұратылуы мүмкін.

5.5.8. ҚМГ компаниялар тобында қайырымдылық қызметін іске асыру туралы жалпы ақпарат есепті жылдағы қаржылық есептілікті ескере отырып, ҚМГ-ның бірінші басшысына есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызында ұсынады.

5.5.9. ҚМГ компаниясының тобында есепті кезеңдегі қайырымдылық көмек көрсету туралы қорытынды ақпаратты есепті кезеңнен кейінгі бірінші тоқсаннан кешіктірілмейтін мерзімде ҚМГ Қорға ұсынады.

5.6. Қайырымдылық қызметін ақпараттық-имидждік сүйемелдеу

5.6.1. Қайырымдылық қызметі ҚМГ/ЕҰ іскерлік беделін нығайтуға, оң имиджін қалыптастыруға, ҚМГ/ЕҰ-ның әлеуметтік жауапты ұйымдар ретінде танылу дәрежесін арттыруға және қабылдануын жақсартуға ақпараттық-имидждік сүйемелдеуді қамтамасыз ету арқылы ықпал етуге тиіс.

5.6.2. Қайырымдылыққа ҚМГ/ЕҰ баспасөз қызметінің ҚМГ/ЕҰ-ны қайырымдылық жасаушылар ретінде позициялау жөніндегі жұмыс жоспарларына сәйкес ақпараттық сүйемелдеу іс-шараларымен қоса беріледі.

6. Процестің тиімділік критерийлері

6.1. Процестің тиімділігінің критерийлері Қағидаларда белгіленген ақпаратты беру мерзімдері мен толықтығын сақтау болып табылады, сондай-ақ:

1) Пайдаланушылардың немесе қайырымдылық ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету туралы өтініштерін қарау және өтінішті алған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде алдын-ала жауап, ҚМГ/ЕҰ атқарушы органы шешім қабылдағаннан кейін түпкілікті жауап жіберу;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
ББЖ қағидалары	KMG-PR-1942.2-06	22 беттің 17-беті

2) Пайдаланушымен немесе қайырымдылық ұйымымен шарт жасасу – ҚМГ/ЕҰ атқарушы органы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде;

3) ақшалай қаражатты шартта көзделген мерзімдерде аудару;

4) Пайдаланушыға немесе қайырымдылық ұйымына нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған ақшаны қайтару туралы хабарлама жіберу – анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

5) пайдаланушының немесе қайырымдылық ұйымының нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған ақшаны қайтаруы – ҚМГ/ЕҰ талабын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде.

7. Құжаттарға сілтеме

«Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық саясаты	«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы (хаттама №126) шешімімен бекітілді
«Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық бағдарламасы	«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы (хаттама №126) шешімімен бекітілді
Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі	1994 жылғы 27 желтоқандағы Қазақстан Республикасының кодексі
Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (салық кодексі)	2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ЗРК Қазақстан Республикасының кодексі
«Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	2015 жылғы 16 қарашадағы № 402-V ЗРК Қазақстан Республикасының Заңы
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жарғысы	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлердің жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (хаттама № 2/2023) бекітілді
«Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдардың қайырымдылық көмекті (қайырымдылық жобасын) жоспарлауы, қарауы және алдын-ала қарауы қағидалары	«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарманың 2022 жылғы 30 маусымдағы № 36/22 шешімімен бекітілді
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ есептілік саясаты	ҚМГ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 26 шілдедегі №11/2018 шешімімен бекітілген
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы туралы ереже, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ есептілік саясаты	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар Кеңесінің 2023 жылғы 31 тамыздағы шешімімен бекітілді

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары		
ББЖ қағидалары	KMG-PR-1942.2-06	22 беттің 18-беті	









«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-да шарттардың орындалуын дайындау, жасасу және мониторингілеу қағидалары	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарманың 2023 жылғы 9 қазандағы (хаттама №46) шешімімен бекітілді
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында іс жүргізу жөніндегі Регламенті	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарманың 2024 жылғы 20 маусымдағы (хаттама № 32) шешімімен бекітілді
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында үшінші тұлғаларға комплаенс-тексеру жүргізу қағидалары	ҚМГ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 4 желтоқсандағы №21/2025 хаттамасымен бекітілген
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқару кодексі	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2025 жылғы 13 қазандағы №3/2025 хаттамасымен бекітілген

8. Жазбалар формасы

KMG-F-1943.2-06/KMG-PR-1942.2-06	өтінішті толтыру және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптар;
KMG-F-1945.2-06/KMG-PR-1942.2-06	қайырымдылық көмек көрсету туралы үлгілік шарт;
KMG-F-2096.2-06/KMG-PR-1942.2-06	ақшаны мақсатты пайдалану туралы есеп;
KMG-F-2097.2-06/KMG-PR-1942.2-06	Қайырымдылық көмек көрсетудің шоғырландырылған көлемі туралы есеп
KMG-F-6186.1-06/KMG-PR-1942.2-06	нысаналы пайдалануды растау үшін құжаттар тізбесі.

9. Блок-схема

Процеске кіру:	қайырымдылық көмек көрсету қажеттілігі			
Блок-схема	Іс-әрекет	Мерзімі	Орындаушы	Жазба (құжат)
1	Қайырымдылық көмек көрсету туралы өтінішті алдын ала қарау, оның Қағидалар талаптарына және құжаттардың толықтығына сәйкестігін тексеру (5.1.1, 5.1.4-т.)	30 (отыз) күнгізбелік күн ішінде	Жауапты құрылымдық бөлімше	KMG-F-1943.2-06 / KMG-PR-1942.2-06

	Жетпейтін құжаттарды сұрату не өтінішті уәжді жауаппен және ескертулерді жою мерзімін көрсете отырып қайтару (5.1.1-т. 2) тт.)	Өтініш берушіге – 10 күнтізбелік күн. Қарау мерзімі 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзартылады	Жауапты құрылымдық бөлімше Жауапты құрылымдық бөлімше	KMG-F-1943.2-06 / KMG-PR-1942.2-06 Растау құжаты
	Жобаның Қор тобының басқа ұйымдары тарапынан қаржыландырылмағанын растауды алу (5.1.1-т. 3) тт.)	Алдын ала қарау барысында		
	Өтінішті белгіленген себептерді және толықтыру мерзімін көрсете отырып қайтару	10 күнтізбелік күн	Жауапты құрылымдық бөлімше	KMG-F-1943.2-06 / KMG-PR-1942.2-06
	Қажет болған жағдайда тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау үшін материалдарды тәуекелдерді басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшеге жолдау (5.1.1-т. 4) тт.)	Қажет болған жағдайда	Жауапты құрылымдық бөлімше	Тәуекелдер бойынша қорытынды
	Өтініштің 5.1.2-тармаққа сәйкес комплаенс-тексеруге жататындығын айқындау	Бақылау нүктесі	Жауапты құрылымдық бөлімше	—
	Материалдарды Комплаенс қызметіне жолдау (5.1.1-т. 5) тт., 5.1.3-т.)	Құжаттардың толық топтамасы қалыптастырылғаннан кейін	Жауапты құрылымдық бөлімше	Материалдар, қорытынды
	Пайдаланушының немесе Қайырымдылық ұйымының сенімділігіне комплаенс-тексеру жүргізу (5.1.3-т.)	Үшінші тұлғаларды комплаенс-тексеру қағидаларында белгіленген мерзімдерде	Комплаенс қызметі	Қорытынды
	Құрылыс жобаларын, қамту ауқымын, жобаның өңір үшін маңыздылығын және құнының негізділігін бағалауды қамтитын Қағидалар талаптарына сәйкестігі туралы уәжді қорытынды дайындау (5.1.1-т. 7), 7.4) тт.)	Алдын ала қарау мерзімі шегінде	Жауапты құрылымдық бөлімше	Қорытынды

10	Қажет болған жағдайда қосымша құжаттарды сұрату және құнның негізділігін айқындау үшін салыстырмалы тексеру жүргізу (5.1.1-т. 7.4) тт.)	Қажет болған жағдайда	Жауапты құрылымдық бөлімше	Сұрау салулар, коммерциялық ұсыныстар, нарықтық құн туралы мәліметтер
11	Материалдарды қалыптастыру және өтінішті Комиссияның қарауына енгізу (5.1.5-т.)	Алдын ала қарау аяқталғаннан кейін	Жауапты құрылымдық бөлімше	Комиссия отырысының материалдары
12	Жобаны Комиссияның қарауы (5.2.3–5.2.10-тт.)	Қажеттілігіне қарай (отырыстар айына бір реттен жиі өткізілмейді, шұғыл жағдайларды қоспағанда)	Комиссия	Хаттама
13	Жобаның қайырымдылық көмек көрсетудің негізгі басым бағыттарына, мақсаттарына және өлшемшарттарына сәйкестігі	Бақылау нүктесі	Комиссия	—
14	5.2.10-тармақта көзделген негіздер бойынша қаржыландырудан бас тарту	Комиссия қарауының қорытындысы бойынша	Жауапты құрылымдық бөлімше	Бас тарту туралы хат
15	ҚМГ/еншілес ұйымның атқарушы органының шешім қабылдауы (5.3-т.)	ҚМГ/еншілес ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде	ҚМГ/еншілес ұйымның атқарушы органы	Хаттама
16	Пайдаланушыны немесе Қайырымдылық ұйымын қабылдаған шешім туралы хабардар ету	Шешім қабылданғаннан кейін	Жауапты құрылымдық бөлімше	Қызметтік жазба / электрондық пошта / хат
17	Шарт жасасу (5.4.1–5.4.3-тт.)	ҚМГ-да шарттарды дайындау, жасасу және олардың орындалуын мониторингтеу қағидаларына сәйкес	Жауапты құрылымдық бөлімше	KMG-F-1945.2-06 / KMG-PR-1942.2-06
18	Қайырымдылық көмекті аудару	Шартта көзделген мерзімдерде	ҚМГ-ның шоғырландырылған даму жоспарын қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімше	Шарт, төлем құжаттары

19	Пайдаланушының (Қайырымдылық ұйымының, еншілес ұйымның) қаражаттың мақсатты пайдаланылуы туралы тоқсан сайынғы есебін ұсынуы (5.5.2-т.)	Тоқсан сайын, шартқа сәйкес	Пайдаланушы / Қайырымдылық ұйымы / еншілес ұйым	KMG-F-2096.2-06, KMG-F-6186.1-06
20	Есептерді тексеру және қайырымдылық көмектің мақсатты пайдаланылғанын растау (немесе растамау) туралы қорытынды дайындау (5.5.3–5.5.4-тт.)	Есеп алынған күннен бастап 1 ай ішінде	Жауапты құрылымдық бөлімше (қажет болған жағдайда басқа құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп)	Қорытынды
21 Жоқ Иә	Қайырымдылық көмектің мақсатты пайдаланылуының расталуы	Бақылау нүктесі	Жауапты құрылымдық бөлімше	Қорытынды
22	Қаражатты ерікті түрде қайтару туралы талапты жолдау (5.5.6-т.)	Қорытынды жасалған күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде	Жауапты құрылымдық бөлімше	Қайтару туралы талап
23	Қаражатты ерікті түрде қайтару туралы талаптың орындалуы	Бақылау нүктесі	Пайдаланушы / Қайырымдылық ұйымы	—
24	Қаражатты өндіріп алу үшін материалдарды заңдық сүйемелдеуді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшеге жолдау, қажет болған жағдайда кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қабылдау (5.5.6-т.)	Ерікті қайтару мерзімі өткеннен кейін	Жауапты құрылымдық бөлімше, заңдық сүйемелдеуді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше	Қорытынды, талап қою материалдары
25	Еншілес ұйымдардың ҚМГ-ға шоғырландырылған есептілікті ұсынуы (5.5.7-т.)	Тоқсан сайын – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей; жылдық – есепті жылдан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей	Еншілес ұйым	KMG-F-2097.2-06 / KMG-PR-1942.2-06
26	ҚМГ-ның бірінші басшысына жиынтық ақпарат дайындау (5.5.8-т.)	Есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін	Жауапты құрылымдық бөлімше	Талдау ақпараты
27	Қорға қорытынды ақпарат ұсынуы (5.5.9-т.)	Есепті кезеңнен кейінгі бірінші тоқсаннан кешіктірмей	Жауапты құрылымдық бөлімше	KMG-F-2097.2-06 / KMG-PR-1942.2-06

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарының қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қағидалары	
ББЖ қағидалары	KMG-PR-1942.2-06	22 беттің 22-беті

28 ↓	Қайырымдылық жобаларын ақпараттық-имидждік сүйемелдеу (5.6-т.)	Жобаны іске асыру кезеңінде	Ақпараттық саясат жөніндегі құрылымдық бөлімше (баспасөз қызметі)	Баспасөз қызметінің жоспарлары, жарияланымдар
↓ 29	Қайырымдылық жобасын іске асыру	Шарт талаптарына сәйкес	Пайдаланушы / Қайырымдылық ұйымы / еншілес ұйым	Есептік құжаттар
Процестен шығу:		Қайырымдылық жобасын іске асыру		

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҚҰБЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ	Қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі өтінішті толтыру және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптар	
ББЖ нысаны	KMG-F-1943.2-06/KMG-PR-1942.2-06	8-ң 1-б.

Қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі өтінішті толтыру және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптар

Өтініш берушілер төменде келтірілген нысандарды, оларды толтыру бойынша ұсынымдарды және өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесін ескере отырып, қайырымдылық көмек көрсету туралы өтініштерді ұсынады.

1. Өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

1) қоса беріліп отырған № 1 нысан бойынша және оны толтыру бойынша қоса беріліп отырған ұсынымдарға сәйкес қайырымдылық көмек көрсету туралы өтініш (*қайырымдылық көмек жөніндегі өтініштер еркін нысанда жіберілуі мүмкін);

2) өтінім берілген күнге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Egov-тан алынған Пайдаланушының заңды тұлғасын/Қайырымдылық ұйымды мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама;

3) Пайдаланушының заңды тұлғасының/Қайырымдылық ұйымның жарғысы;

4) Пайдаланушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) өтінішке сенім білдірілген өкіл қол қойған жағдайда – сенім білдірілген өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және пайдаланушы атынан өтініш беруге өкілеттігін растайтын құжат;

6) теңгемен банктік шоттың ашылғанын/бар екенін растайтын екінші деңгейдегі банктің анықтамасы;

7) өтініш берілген күнге дейін 1 (бір) айдан кешіктірілмей Egov-тан берілген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің жоқ/бар екендігі туралы анықтама;

8) өтініш берушінің уәкілетті органы бекіткен № 2 қоса беріліп отырған нысан бойынша шығыстар сметасы:

- есептеулері бар түсіндірме жазба;

- интернет-дүкендерден тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша кемінде 3 (үш) баға ұсынысы/скриншоттар (қызмет бірегей болып табылатын немесе авторлық құқығы бар немесе өнім беруші ресми дистрибьютор болып табылатын, яғни баламаларды ұсыну мүмкін болмайтын жағдайды қоспағанда);

- қажет болған жағдайда әрбір баптың басқа растайтын құжаттары (осы Қағидаларға № 5 қосымша);

9) қоса беріліп отырған № 3 нысан бойынша әрбір іс-шара (кезең) бойынша іс-шараларды (кезеңдерді), бағаларды, мерзімдерді, ресурстарды, тиімділіктің болжамды көрсеткіштерін қамтитын қайырымдылық жобасын іске асыру жоспары;

10) жобаны презентация немесе бейне түрінде көрнекі түрде ұсыну.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	Қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі өтінішті толтыру және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптар	
ББЖ нысаны	KMG-F-1943.2-06/KMG-PR-1942.2-06	8-ң 2-б.

2. Шығындар сметасына растайтын құжаттардың ұсынымды тізбесі:

1) Қайырымдылық жобасын іске асыру шеңберінде өткізілетін іс-шаралардың тұжырымдамалары мен регламенттері, Пайдаланушы бекіткен Қайырымдылық жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары;

2) Қайырымдылық жобасына қажеттілікті растайтын жергілікті атқарушы органның/қоғамдық ұйымның хаты;

3) құрылыс Объектісінің эскиздік жобасы;

4) Қайырымдылық жобасын іске асырудың және ҚМГ қаржыландыруды тоқтатқаннан кейін ақша тартудың одан кейінгі тетігін сипаттайтын қайырымдылық жобасының бизнес-жоспары, қаржылық моделі;

5) Қайырымдылық жобасын іске асыру мақсатында объектінің құрылысына мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың рұқсат құжаттары, мысалы: жер учаскесіне акт, құрылысқа рұқсат, сәулет-жоспарлау тапсырмасы және т.с.с.;

6) объектінің құрылысына арналған мердігерлік шарттар (алдын ала шарттар), меморандумдар;

7) құрылысқа арналған баға (коммерциялық) ұсынысы, құрылыс сметасы, шот-фактуралар, төлем шоттары және т. б.;

8) Пайдаланушының штат кестесі.

ҚМГ/ЕҰ қайырымдылық көмек көрсетудің мәні мен мақсатына байланысты Өтініш берушіден/Пайдаланушыдан қосымша құжаттар сұратуға құқылы.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	Қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі өтінішті толтыру және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптар	
ББЖ нысаны	KMG-F-1943.2-06/KMG-PR-1942.2-06	8-ң 3-б.

**Қайырымдылық көмек көрсету туралы
өтініш**

1	Қайырымдылық жобасының атауы	
2	Қайырымдылық жобасын іске асыру кезеңі	
3	Қайырымдылық жобасын іске асыру географиясы	
4	Қайырымдылық жобасының жалпы бюджеті, теңге	
5	Қайырымдылық жобасын іске асыру үшін ҚМГ/ЕҰ-дан сұратылатын қаржыландыру көлемі теңгемен	

Пайдаланушы туралы ақпарат		
1	- Пайдаланушының атауы (ұйымдық-құқықтық нысанын көрсете отырып, заңды тұлға үшін), БСН/ЖСН, басшының аты-жөні; - заңды/нақты мекенжайы; - жұмыс/ұялы телефоны;	
2	Жауапты қызметкер/ жеке тұлғаның өкілі (<i>аты-жөні, лауазымы (заңды тұлға үшін), телефоны, электрондық мекенжайы</i>)	
3	Құрылтайшы (құрылтайшылар) және қатысу үлесі (<i>заңды тұлға үшін</i>)	
4	Жобаны ресурстық қамтамасыз ету (<i>толтыру ұсынымдарына сәйкес</i>)	
5	Мемлекеттік органдармен, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдармен өзара іс-қимыл (әріптестік қатынастардың, ынтымақтастық туралы меморандумдардың болуы)	
6	Пайдаланушы мүшесі/ құрылтайшысы/тең құрылтайшысы болып табылатын заңды тұлғалардың болуы	
7	Пайдаланушының банк деректемелері	
8	Қосымша ақпарат	

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	Қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі өтінішті толтыру және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптар	
ББЖ нысаны	KMG-F-1943.2-06/KMG-PR-1942.2-06	8-ң 4-б.

Қаржыландыру көздері туралы ақпарат						
№	Дереккөздер	Сомасы				Үлесі, %
		жыл	жыл	жыл	жиыны	
1	Құрылтайшылардың жарналары					
2	Өз қызметінен түскен кіріс					
3	Демеушілерден/грант берушілерден түсетін түсімдер					
	ЖИЫНЫ					

Қайырымдылық жобасы туралы ақпарат		
1	Жобаның өзектілігі	<i>Пайдаланушы қайырымдылық жобасының өзектілігі мен әлеуметтік маңыздылығын:</i> - қайырымдылық жобасын қолдану саласындағы, оның ішінде ресми статистикалық деректер негізінде туындаған мәселелер, - қайырымдылық жобасын қолдану саласындағы бастапқы өлшенетін көрсеткіштерді айқындау, - мақсатты аудиторияны қамту, - аналогтармен салыстырғанда қайырымдылық жобасының жаңалығы, - әлеуметтік әсер, мәселені сандық және сапалық форматта шешуге әсер ету (бенефициарларды қамту), - ҚМГ және/немесе ҚМГ компаниялар тобының беделін сақтауға және нығайтуға әсер ететін PR әсері тұрғысынан негіздейді. <i>Қайырымдылық жобасы әлеуметтік мәселелерді шешуге/жеңілдетуге, ұзақмерзімді, тұрақты, оң әлеуметтік өзгерістердің пайда болуына, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталуға тиіс.</i>
2	Жобаның мақсаттары мен міндеттері	<i>Пайдаланушы қайырымдылық жобасы бойынша қызметтің нәтижесін және оған қол жеткізу жөніндегі қадамдарды мынадай өлшемшарттарды сақтай отырып</i>

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	Қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі өтінішті толтыру және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптар	
ББЖ нысаны	KMG-F-1943.2-06/KMG-PR-1942.2-06	8-ң 5-б.

		қалыптастырады: - осы қайырымдылық жобасы аясындағы қолжетімділік, - жобаны іске асырудың құзыреттілігіне, дайындығына, қаржы-экономикалық, материалдық-техникалық, ұйымдастырушылық шарттарына сәйкестігі
3	Мақсатты топтар	Пайдаланушы қайырымдылық жобасының бенефициарлары мен тартылған серіктестерді анықтайды
4	Жобаның қысқаша сипаттамасы	Пайдаланушы міндеттерді шешу және мәлімделген нәтижелерге қол жеткізу үшін іс-шараларды кезең-кезеңімен (мерзімдерімен) көрсете отырып, қайырымдылық жобасын іске асырудың қысқаша тетігін сипаттайды
5	Қайырымдылық жобасының күтілетін нәтижелері	Пайдаланушы мыналарды көрсетеді: - нәтижелер - өнімді тұтыну нәтижесіндегі қысқа және ортамерзімді өзгерістер: мақсатты топтың мінез-құлқы, әл-ауқат деңгейі, өмірі - әсер/ықпал - қайырымдылық жобасын іске асырудан құрылымдық өзгерістер/ұзақмерзімді нәтиже (тұтастай алғанда қоғамда болған әлеуметтік-мәдени, экологиялық, техникалық, экономикалық, институционалдық, тікелей немесе жанама)
6	Қайырымдылық жобасының тұрақтылығы	Пайдаланушы қайырымдылық жобасын іске асыруды жалғастыру мүмкіндігін Қайырымдылық беруші қаржыландыруды аяқтағаннан немесе өзге ұйымға бергеннен кейін әлеуетті пайдаланушы айқындайды.
7	Қайырымдылық жобасы шеңберінде бенефициарлар алатын тауардың/жұмыстың/көрсетілетін	Пайдаланушы тауардың/жұмыстың/қызметтердің функционалдық мақсатын, бірегейлігі мен инновациялылығын және қолдану

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	Қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі өтінішті толтыру және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптар	
ББЖ нысаны	KMG-F-1943.2-06/KMG-PR-1942.2-06	8-ң 6-б.

қызметтің сипаттамасы	<i>саласын, сондай-ақ нысаналы топтың қажеттіліктерін қанағаттандыру тәсілдерін көрсетеді.</i>
-----------------------	--

Осы арқылы өзімнің Қайырымдылық көрсету және мониторингілеу қағидаларымен танысқанымды және онымен келісетінімді, сондай-ақ ҚМГ-ге қажетті ақпаратты, құжаттар мен есептерді беруге келісетінімді растаймын.

Осы арқылы барлық ұсынылған ақпарат пен құжаттар шынайы болып табылатынын, пайдаланушының сот және өзге де талқылауларға тартылмағанын шындыққа сәйкес келетінін растаймын.

Осы арқылы мен өзім ұсынған мәліметтер мен құжаттардың толықтығына, дұрыстығына және өзектілігіне, сондай-ақ Қайырымдылық жобасын іске асыру құны туралы мәліметтерді қамтитын ұсынылған құн есептерінің, сметалардың, коммерциялық ұсыныстардың және өзге де құжаттардың негізділігі мен дұрыстығына жауапты екенімді растаймын.

Осы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ тобының ұйымдарын қоса алғанда, осы Қайырымдылық жобасын басқа тұлғалар, оның ішінде «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры (Қайырымдылық жобасын толық қаржыландыру туралы сұрау салынған жағдайда) қаржыландырмайтынын растаймын.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салықтар және өзге де міндетті төлемдер бойынша берешегім және үшінші тұлғалар алдында мерзімі өткен берешегім **бар/жоқ** (қажеттісінің астын сызу керек).

Пайдаланушының банктік шоттарына тыйым салынбаған, пайдалануға шектеу қойылмаған.

Аты-жөні _____

Заңды мекенжайы:

Қолы _____

М.О.

20__ ЖЫЛҒЫ «__» _____

(з.т. үшін)

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	Қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі өтінішті толтыру және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптар	
ББЖ нысаны	KMG-F-1943.2-06/KMG-PR-1942.2-06	8-ң 7-б.

20__ жылға арналған шығыстар сметасы

(жобаның/Өтініш берушінің атауы)

№	Шығыстар баптарының атауы:	Шығыстар сомасы, теңге				
		I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	барлығы
1.	Іс-шараларды өткізуге байланысты шығыстар (ашып жазылған):					
1.1.						
2.	Қайырымдылық жобасын ақпараттық сүйемелдеу бойынша шығыстар (ашып жазылған):					
2.1.						
	Шығыстар сметасы бойынша барлығы:					

Басшы: _____ /Аты-жөні
(қолы)

Бас бухгалтер/
Қаржы директоры/
Орындаушы: _____ /Аты-жөні
(қолы)

М.О.

* Ескертпе: шығыстар баптарының атауы мен тізбесін қайырымдылық көмектің мәні мен мақсатына қарай көрсету қажет.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	Қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі өтінішті толтыру және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптар	
ББЖ нысаны	KMG-F-1943.2-06/KMG-PR-1942.2-06	8-ң 8-б.

**Қайырымдылық көмектің соммасы және мерзімдері,
қайырымдылық жобасын іске асыру жөніндегі жоспары**

	Іске асыру жоспары				
	Қайырымдылық жобасының іс-шаралары	Алдын ала құны, теңгемен	Кезеңдерді іске асыру мерзімі	ҚМГ Қайырымдылық көмек сомасы	ҚМГ қайырымдылық көмегін төлеу мерзімі
1					
2					
3					
4					
5					
...		ЖАЛПЫ:		ЖАЛПЫ:	

Тараптардың қолдары:

ҚМГ
«ҚазМұнайГаз» ұлттық
компаниясы» АҚ
 БИН 020240000555
Басшы

Пайдаланушы

БИН
Басшы

_____ .

_____ . _____

Қайырымдылық көмек көрсету туралы № _____ шарт

Астана қаласы

« ____ » _____ 20__ жыл

Бұдан әрі «ҚМГ» деп аталатын «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы атынан негізінде әрекет ететін _____, бір жағынан, бұдан әрі «Пайдаланушы» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, екінші жағынан, бірге алғанда «Тараптар», ал жеке-жеке алғанда «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей аталып, ҚМГ Басқармасының _____ 202 ж. шешімін басшылыққа ала отырып, « _____ » қайырымдылық жобасын (бұдан әрі – Жоба) іске асыру мақсатында, төмендегілер туралы осы қайырымдылық көмек көрсету шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1. Шарттың нысанасы

1.1. ҚМГ Жобаны іске асыру мақсатында осы Шарттың 6-бөлімінде көрсетілген Пайдаланушының банктік шотына осы Шартқа №1 қосымшада көзделген мерзімдерде толығымен немесе бөліктермен Пайдаланушыға _____ (_____) теңге сомасында Шарт күшіне енген күннен бастап _____ (_____) жұмыс күнінен кешіктірмей ақша түрінде өтеусіз қайырымдылық көмек (бұдан әрі – қайырымдылық көмек) көрсетеді, ал Пайдаланушы қайырымдылық көмекті қабылдайды және оны Жобаны іске асыру үшін осы Шартқа № 1 қосымшада көзделген мерзімдерде пайдаланады.

1.2. Пайдаланушы Шартқа №1 қосымшада көзделген Жобаны іске асыру жоспарына сәйкес Шартқа №2 қосымшада көзделген нысан бойынша қайырымдылық көмектің нысаналы мақсатына сай пайдаланылуы туралы есепті (есептерді) және Шартқа № 3 қосымшада көзделген растайтын құжаттарды ұсыну арқылы немесе ҚМГ сұрау салуы бойынша Жобаның іске асырылғанын ҚМГ-ға хабарлайды.

1.3. Пайдаланушыларға ҚМГ бөлетін қаражатты басқа мақсаттарға пайдалануына жол берілмейді. Жобаны іске асырудың күші жойылған жағдайда Пайдаланушы пайдаланылмаған қайырымдылық көмекті жағдайлар туындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ҚМГ-ға қайтарады.

1.4. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, Жобаны іске асыруға байланысты операциялық шығыстардың (комиссияның) рұқсат етілетін үлесі қайырымдылық көмегі сомасының 3%-ынан аспауға тиіс.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. ҚМГ-ның:

2.1.1. Шарт талаптарына сәйкес қаражаттың нысаналы мақсатына сай пайдаланылуын тексеруге (мониторинг жүргізуге) және Пайдаланушыдан қажетті растайтын құжаттарды сұратуға;

2.1.2. Пайдаланушыдан Шартқа № 1 қосымшада көзделген Жобаны іске асыру жоспарына сәйкес іс-шараларды іске асыруды, Шартқа № 2 қосымшада көзделген қайырымдылық көмекті нысаналы мақсатына сай пайдаланылуы туралы есепті (есептерді) талап етуге;

2.1.3. Пайдаланушыға сұрау салу жолдауға; қайырымдылық көмекті пайдалануға және Жобаны іске асыруға қатысты құжаттаманы, оның ішінде Жобаны іске асыру үшін бухгалтерлік, қаржылық және өзге де құжаттарды алуға;

2.1.4. Пайдаланушының қайырымдылық көмекті нысаналы мақсатына сай пайдалануын растау мақсатында көшпелі тексерулер, тексерулер жүргізуге, сұрау салуға құқығы бар. Тексеруге заңда белгіленген тәртіппен тәуелсіз аудиторлар тартылуы мүмкін;

2.1.5. егер ҚМГ-да қайырымдылық көмектің оның нысаналы мақсатына сай пайдаланылуына негізі бар күмән туындаған жағдайда не Пайдаланушы Шартқа №2, №3 қосымшаларда көзделген есептерді және(немесе) растайтын құжаттарды ұсынуудан бас тартқан жағдайда, қайырымдылық көмекті кері қайтарып алуға/тоқтата тұруға;

2.1.6. Шартта көзделген жағдайларда Пайдаланушыдан қайырымдылық көмекті қайтаруды талап етуге;

2.1.7. Пайдаланушыдан Шартта көзделген жағдайларда мүлктік жауапкершілік түрінде айыппұл/тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге;

2.1.8. ҚМГ қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда қайырымдылық көмек көрсетуді тоқтатуға;

2.1.9. Пайдаланушы Шарт талаптарын елеулі түрде бұзған кезде Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;

2.1.10. Пайдаланушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Пайдаланушы ҚМГ-дан тиісті жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, пайдаланылмаған және ҚМГ-ға расталмаған сома көлемінде қайырымдылық көмек сомасын (құнын) өтеуді (қайтаруды) талап етуге;

2.1.11. Пайдаланушы қайырымдылық көмек қаражатын үнемдеген жағдайда, сондай-ақ Шартта көзделген негіздер бойынша Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Пайдаланушы ҚМГ-дан тиісті жазбаша хабарлама алған сәттен бастап 5 (бес) банктік күннен кешіктірілмейтін мерзімде Пайдаланушыдан қайырымдылық көмектің пайдаланылмаған бөлігін қайтаруды (өтеуді) талап етуге;

2.1.12. қайырымдылық көмекті нысаналы мақсатына сай пайдаланбау фактісі анықталған жағдайда, Пайдаланушыдан нысаналы мақсатына сай пайдаланылмаған соманы нысаналы мақсатына сай пайдаланылмаған

көлемінде ҚМГ тиісті фактіні анықтаған күнінен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде қайтаруды (өтеуді) талап етуге;

2.1.13. бұқаралық ақпарат құралдарында қайырымдылық көмек көрсету туралы ақпаратты таратуға, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтай отырып, өз қалауы бойынша өзге де ақпараттық және презентациялық материалдарда тиісті мәліметтерді пайдалануға құқығы бар.

2.2. ҚМГ:

2.2.1. қайырымдылық көмекті Шартта көзделген талаптар мен тәртіппен көрсетуге;

2.2.2. есептік құжаттаманы жинауға және талдауға, Жобаны іске асыру орындарына баруға, сондай-ақ Шартта көзделген өзге де бақылау нысандарын қоса алғанда, Пайдаланушының қайырымдылық көмекті нысаналы мақсатына сай пайдалануын тексеруге (мониторинг жүргізуге);

2.2.3. Жоба іске асырылмаған, қаражатты нысаналы мақсатына сай пайдаланбау фактілері анықталған жағдайларда, сондай-ақ Пайдаланушы Шарт талаптарын бұзған өзге де жағдайларда, ұсынылған қайырымдылық көмекті қайтару жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

2.3. Пайдаланушының:

2.3.1. қайырымдылық көмекті Шартта белгіленген талаптар мен тәртіппен алуға;

2.3.2. Шартта көрсетілген не ҚМГ жазбаша нысанда хабарлаған банк шотына аудару арқылы бұрын алынған ҚМГ ақшалай қаражатын міндетті түрде қайтара отырып, Шартты біржақты бұзу арқылы қайырымдылық көмегін алудан бас тартуға;

2.3.3. Жобаны іске асырудың келісілген мерзімдерін сақтауға объективті кедергі келтіретін күтпеген жағдайлар туындаған жағдайда, тиісті негіздемені ұсына отырып, оны орындау мерзімдерін ұзарту бөлігінде Шартқа өзгерістер енгізуге бастамашылық жасауға құқығы бар.

2.4. Пайдаланушы:

2.4.1. ұсынылған қайырымдылық көмекті Шарт талаптарына сәйкес Жобаны іске асыру мақсатында ғана пайдалануға;

2.4.2. Жобаның іске асырылу барысына немесе мерзімдеріне, сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына әсер еткен не әсер етуі мүмкін кез келген жағдайлар туралы ҚМГ-ны жазбаша нысанда дереу хабардар етуге.

2.4.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда авторлық қадағалау жүргізуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ Жобаны тиісінше іске асыру және мердігер мен үшінші ұйымдар тарапынан болуы мүмкін заңсыз әрекеттердің алдын алу мақсатында жеткізілетін тауарлардың, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемін бақылауға;

2.4.4. уәкілетті органдармен және үшінші тұлғалармен өзара іс-қимылды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін және Жобаны іске асыру үшін қажетті барлық рұқсаттарды, келісімдерді, қорытындыларды және өзге де құжаттарды алу үшін қажетті шараларды алдын ала қабылдауға;

2.4.5. сатып алу рәсімдері жүргізілген жағдайда жеткізілетін тауарлардың, орындалатын жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тиісті сапасын сақтай отырып, қайырымдылық көмек қаражатының ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында Жобаны іске асыру үшін тартылатын өнім берушілерді, мердігерлерді, орындаушыларды және өзге де үшінші тұлғаларды конкурстық негізде таңдауға;

2.4.6. конкурстық рәсімдер барысында әлеуетті өнім берушілерден, мердігерлерден, орындаушылардан және тауарлар сатып алынатын, жұмыстарға және/немесе қызметтерге тапсырыс берілетін өзге де үшінші тұлғалардан келетін ұсыныстарға міндетті түрде талдау жүргізе отырып, таңдауды негіздей отырып және Пайдаланушыға қатысты үлестестігінің жоқ екенін тексере отырып, коммерциялық ұсыныстарды сұратуға және алуға;

2.4.7. Жобаны іске асыру шеңберінде тартылатын үшінші тұлғалардың сенімділігіне: қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды (жылыстатуды); салық төлеуден заңсыз жалтаруды; сыбайлас жемқорлықты; паракорлықты; алаяқтықты қоса алғанда, бірақ аталғандармен шектелмей, олардың құқыққа қарсы қызметке қатысу белгілерінің болмауы тұрғысынан тексеру жүргізуге;

2.4.8. есепті күнтізбелік тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей, ҚМГ-ға Шартқа № 2 қосымшада бекітілген нысан бойынша қайырымдылық көмектің пайдаланылғанын растайтын құжаттарды: Пайдаланушының өнім берушілермен арада жасалған шарттарын, қабылдау-беру актілерін, жүкқұжаттарын, шот-фактураларын, төлем тапсырмаларын, бұйрықтарын/ шешімдерін, аванстық есептерін, фотоесептерін және қаражаттың нысаналы мақсатына сай жұмсалғанын растайтын өзге де құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша есепті ұсынуға;

2.4.9. ҚМГ сұрау салуы бойынша тиісті жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Шарт бойынша бөлінген қайырымдылық көмекті пайдалануға қатысты ақпарат пен құжаттарды ұсынуға;

2.4.10. Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, сондай-ақ Шартта көзделген негіздер бойынша Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, ҚМГ-дан тиісті жазбаша хабарлама алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде пайдаланылмаған және/немесе тиісті құжаттармен расталмаған бөлігінде ҚМГ-ға қайырымдылық көмек сомасын қайтаруға;

2.4.11. Шартқа № 1 қосымшада көзделген Жобаны іске асырудың бекітілген жоспарына сәйкес іс-шараларды іске асыру және қайырымдылық көмек қаражатының нысаналы мақсатына сай жұмсалуды қамтамасыз етуге;

- 2.4.12. қайырымдылық көмек қаражатын үнемдеген жағдайда, қаражаттың нақты (нысаналы мақсатына) пайдаланылуы туралы есепті ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ҚМГ-ға қаражаттың пайдаланылмаған бөлігін қайтаруға;
- 2.4.13. қайырымдылық көмекті нысаналы мақсатына сай пайдаланбау фактісі анықталған жағдайда, ҚМГ осындай фактіні анықтаған күнінен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде нысаналы мақсатына сай пайдаланбаудың анықталған фактісіне сәйкес келетін көлемде қаражатты ҚМГ-ға қайтаруға;
- 2.4.14. Жобаны іске асыру аяқталғаннан кейін қол жеткізілген нәтижелерді электрондық, баспа және/немесе корпоративтік бұқаралық ақпарат құралдарында көрсете отырып, қайырымдылық көмектің пайдаланылғаны туралы жария есепті жариялауға;
- 2.4.15. Шарт талаптары бұзылған жағдайда, Шартқа сәйкес қайтарылуға тиіс сомада және мерзімде қаражатты ҚМГ пайдасына қайтаруға;
- 2.4.16. Пайдаланушының мекенжайы, банктік немесе тіркеу деректемелері өзгерген жағдайда, ҚМГ-ны жазбаша нысанда жедел (5 жұмыс күнінен кешіктірмей) хабардар етуге;
- 2.4.17. Пайдаланушының деректемелері және жүргізілген төлемдердің егжей-тегжейі туралы мәліметті қоса алғанда, бірақ аталғандармен шектелмей, Шарт бойынша ҚМГ ақпаратын «Самұрық-Қазына» АҚ-ға ашуға келісімін растауға;
- 2.4.18. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуына байланысты туындайтын салық міндеттемелерін дербес және өз есебінен орындауға;
- 2.4.19. Шарттың 3-бөлімінде жазылған ерекше талаптарды сақтауға;
- 2.4.20. ҚМГ-дан алынған ақшалай қаражатты мемлекеттік қызметшілерді қоса алғанда, үшінші тұлғаларға қаржылық, қайырымдылық немесе өзге де көмек ретінде бермеуге тиіс.

3. Шарттың ерекше талаптары

- 3.1. Шартты іске асыру мақсатында аударылатын қаражатты пайдалану және жұмсау кезінде Тараптар парақорлыққа қарсы күрес және (немесе) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтауға және өзінің меншік иелерінің (құрылтайшыларының немесе қатысушыларының, лауазымды адамдарының, қызметкерлері мен үлестес тұлғаларының (Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осындай деп танылатындарының)) оларды сақтауын қамтамасыз етуге міндетті, сондай-ақ Тараптың бақылауындағы өзінің үшінші тұлғаларының парақорлыққа және (немесе) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кез келген қабылданған нормалар мен стандарттарды сақтауын қамтамасыз ету үшін Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде ақылға қонымды шаралар қабылдауға міндеттенеді.
- 3.2. Пайдаланушы оның меншік иелерінің (құрылтайшыларының немесе қатысушыларының), лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің және үлестес тұлғаларының (Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осындай деп танылатындарының) ешқайсысы мемлекеттік және (немесе) мемлекеттік лауазымды тұлғаның, сондай-ақ жеке тұлғаның пайдасына рәсімдерді оңайлатқаны үшін сыйақыны, сыйлықтарды, уәделер немесе кез келген басқа артықшылықтарды қоса алғанда, төлем төлемегенін, ұсынбағанын, ұсынбайтынын немесе төлем жүргізуге рұқсат бермейтінін растайды және осыған кепілдік береді.
- 3.3. Пайдаланушы оның меншік иелерінің (құрылтайшыларының немесе қатысушыларының, лауазымды адамдарының, қызметкерлері мен үлестес тұлғаларының (Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осындай деп танылатындарының)) ешқайсысының сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа байланысты қылмыстар үшін өтелмеген немесе алынбаған соттылығы жоқ екенін, сондай-ақ қандай да бір юрисдикцияда: қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен); салықтарды төлеуден заңсыз жалтарумен; сыбайлас жемқорлықпен және парақорлықпен; алаяқтықпен; қандай да бір ұйымның және (немесе) жеке тұлғалардың террористік және (немесе) экстремистік қызметін қолдаумен және (немесе) қаржыландырумен байланысты қылмыстық қызметке қатысты қылмыстық сотқа дейінгі тергеп-тексерудің және сот талқылауларының нысанасы болмағанын және нысанасы еместігін растайды және осыған кепілдік береді.
- 3.4. Пайдаланушы оның меншік иелерінің (құрылтайшыларының немесе қатысушыларының), лауазымды тұлғаларының, қызметкерлері мен үлестес тұлғаларының (Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осындай деп танылатындарының)) ешқайсысының ҚМГ компаниялар тобының меншік иесі (құрылтайшысы немесе қатысушысы), лауазымды адамы, қызметкері еместігін және Шарт бойынша тікелей және жанама міндеттемелерді орындау және тікелей және жанама шешімдер қабылдау үшін жеке, материалдық мүдделілікпен байланысты мүдделер қақтығысына қатыспайтынын растайды және осыған кепілдік береді. Пайдаланушы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындау барысында мүдделер қақтығысы анықталған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде мүдделер қақтығысының анықталған жағдайлары туралы ҚМГ-ға жазбаша хабарлауға міндеттенеді.
- 3.5. Пайдаланушы Шартты іске асыру мақсатында алынған ақшаны пайдалану және жұмсау шеңберінде өзі таңдаған үшінші тұлғалардың кез келген заңға қайшы әрекеттері үшін жауапты болады және осындай үшінші тұлғалармен тиісті азаматтық-құқықтық шарттар жасасу кезінде оларда парақорлыққа қарсы күрес және (немесе) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтау және осындай үшінші тұлғалардың басқару органдарының мүшелері тарапынан өзінің мүдделер қақтығыстарын тиісінше басқару жөніндегі міндеттемелер, сондай-ақ Шартты орындау мақсатында кез келген құжаттарды, оның ішінде құрылтай құжаттарын талап ету және сұрау құқығы көрсетілетініне кепілдік береді.

3.6. Пайдаланушы Шарт шеңберінде жасалатын және Шарттың 1-бөлімінде көрсетілген ақшаны пайдаланумен және жұмсаумен байланысты кез келген операцияларға қатысты өзекті және дұрыс бухгалтерлік есеп жүргізілетінін, барлық тұлғалардың өкілеттіктерін тиісінше растауды қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесі бар екенін және осындай операциялар бойынша қаржылық есеп пен есептілік жүргізілетінін растайды және осыған кепілдік береді, сондай-ақ қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуының анықталуына және алдын алуға кепілдік береді. Пайдаланушы осындай деректерді сақтау үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген мерзім ішінде Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға және ақшаны пайдалану мен жұмсауға байланысты барлық құжаттаманы сақтауға міндеттенеді.

3.7. Пайдаланушы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес өзінің дербес деректерін және/немесе өз қызметкерлерінің, лауазымды тұлғаларының, құру бастамашыларының, уәкілетті өкілдерінің дербес деректерін жинауға, пайдалануға және өңдеуге өзінің келісімін береді, сондай-ақ Шарттың қолданылу мерзімі ішінде және Шарттың қолданылу мерзімі ішінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес көзделген құжаттарды сақтау мерзімдері ішінде өзінің келісімін қайтарып алмауға келіседі.

3.8. Пайдаланушы Шарт жасасу және орындау мақсатында, сондай-ақ Шарт жасасу және орындау барысында тиісті өзара іс-қимыл жасау мақсатында ол Шарт жасасу және орындау кезінде ҚМГ-ға өзінің лауазымды адамдарының, жұмыскерлерінің, өзге де қызметкерлерінің, өкілдерінің, кез келген басқа жеке тұлғалардың дербес деректерін беру кезінде ол осындай жеке тұлғалардың (дербес деректер субъектілерінің) ҚМГ-да олардың дербес деректерін кез келген тәсілмен, соның ішінде дербес деректерді жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), алу, пайдалану, иесіздендіру, бұғаттау, алып тастау, жою, сондай-ақ Шартты орындау шеңберінде ҚМГ-ның үлестес тұлғаларына, шетелдік ұйымдарына, аудиторларына, қосалқы мердігерлеріне және өзге де үшінші тұлғаларына, соның ішінде: (i) жалпыға ортақ пайдаланылатын байланыс желілері арқылы, (ii) халықаралық ақпараттық-телекоммуникациялық желілер арқылы дербес деректер субъектілері құқықтарының дұрыс қорғалуын қамтамасыз етпейтін шет мемлекеттердің аумағында дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, дербес деректерді беру (тарату, ұсыну, қол жеткізу) тәсілдерімен автоматтандырылған, автоматтандырылмаған және аралас өңдеуге беруге, сондай-ақ кез келген заңды көздерден, оның ішінде өздерінен және үшінші тұлғалардан дербес деректер субъектілерінің дербес деректерін алуға, ҚМГ жасасқан шарттар шеңберінде өздерінің лауазымдық міндеттерін, міндеттемелерін орындау мақсаттары үшін қажет болатын дербес деректерге қол жеткізуге, оның ішінде ҚМГ және оның үлестес тұлғалары қызметкерлерінің, мердігерлерінің, практиканттарының қол жеткізуіне нақты, хабардар етілген және саналы келісімін алғанын растайды және осыған кепілдік береді.

3.9. Пайдаланушы Шарт талаптарын бұзған, қаражаттың нысаналы мақсатына сай пайдаланылғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған не қаражатты пайдалану Шарт талаптарына, Қазақстан Республикасының парақорлыққа қарсы күрес және (немесе) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтау жөніндегі талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, ҚМГ Шартты орындауды тоқтата тұруға немесе Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға және ҚМГ беделіне келтірілген зиян үшін өтемақы талап етуге құқылы.

3.10. Тарапта Шарттың осы бөлімінің қандай да бір ережелерін бұзу орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда қысқа мерзімде хабардар етуге міндеттенеді. Жазбаша хабарламада Тарап Шарттың осы бөлімінің қандай да бір ережелерін Тараптың, оның үлестес тұлғаларының, қызметкерлердің, делдалдардың және (немесе) қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) бұзуының болғанын немесе болуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті. Жазбаша хабарлама алған Тарап қысқа мерзімде тергеу жүргізуге және оның нәтижелерін екінші Тараптың атына ұсынуға міндетті.

3.11. Пайдаланушы Шартты орындау мақсатында іс-шараларды өткізудің әдістері мен тәсілдері, сондай-ақ нәтижелері үшінші тұлғалардың заңды құқықтарын бұзбайтынына кепілдік береді. Үшінші тұлғалардың ықтимал талаптары болған жағдайда, Пайдаланушы үшінші тұлғалармен туындаған келіспеушіліктерді дербес шешуге және кез келген шығындар мен сот шығындарын қоса алғанда, осындай реттеу үшін қажетті шығындарды көтеруге міндеттеме алады.

3.12. Пайдаланушының қызметіне байланысты және/немесе Жобаны іске асыруға байланысты туындайтын немесе туындауы мүмкін барлық шағымдар, үшінші тұлғалардың талап-арыздары ҚМГ-ны осындай дауларға, талап-арыздар мен наразылықтарға тартпай, шешілуге тиіс. Пайдаланушы шағымдарды және/немесе талап-арыздарды және кез келген басқа да мәселелерді өз күшімен және өз есебінен, соның ішінде осындай оқиғалардың нәтижесінде туындауы мүмкін шығыстарды, залалдарды өз бетінше реттеуге міндеттенеді.

3.13. Шарт тараптары Шарттың осы бөлімінде айқындалған заңнаманы бұзудың алдын алу рәсімдерінің жүргізілгенін таниды және олардың сақталуын бақылайды.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, Кінәлі тарап екінші Тараптың алдында Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен және талаптарда жауапты болады.

4.2. Пайдаланушының Шарттың 2.4.8. және 2.4.9-тармақтарына сәйкес қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті ұсынбауы, не ҚМГ сұратқан ақпарат пен құжаттарды беруден бас тартуы, сол сияқты анық емес немесе толық емес ақпарат беруі Шарт талаптарын елеулі бұзушылық болып танылады және ҚМГ-ның мынадай құқығына әкеп соғады:

1) Пайдаланушыға бұрын аударылған қаражатты толық көлемде қайтаруын талап ету;

2) одан әрі қаржыландыруды тоқтата тұру (ақша қаражатын аудару);

3) Пайдаланушыға жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзу.

4.3. Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, Кінәлі тарап екінші Тараптың алдында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

4.4. Есеп пен құжаттар Шарттың 2.4.8, 2.4.9-тармақтарында көзделген мерзімдерде ұсынылмаған жағдайда, Пайдаланушы әрбір күнтізбелік кешіктірілген күн үшін 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ жалпы соманың 5% (бес пайызынан) аспайтын өсімпұл төлеуге тиіс;

4.5. Ақшаны нысаналы мақсатына сай пайдаланбау фактісі анықталған жағдайда, Пайдаланушы ҚМГ-дан хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде нысаналы мақсатына сай пайдаланылмаған қайырымдылық көмекті қайтаруға міндеттенеді.

4.6. Шарт талаптары орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, Пайдаланушы ҚМГ-дан хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Шарттың 1.1-тармағында көрсетілген соманың 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді.

4.7. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін мүмкін емес жағдайлар туған Тарап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде екінші Тарапқа жоғарыда көрсетілген жағдайлар басталғаны туралы хабарлауға міндетті.

4.8. Тараптар тежеусіз күш жағдайлары туындаған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда міндеттемелерді орындау осындай жағдайлардың болу мерзіміне ұзартылады. Уәкілетті мемлекеттік орган берген құжаттар осындай жағдайларды және осындай міндеттемелердің қолданылу мерзімін растау болып табылады.

4.9. Пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қайырымдылық көмекті нысаналы пайдаланғаны, Жобаны іске асырудың бекітілген жоспарын сақтағаны, ҚМГ-ға ұсынылатын есептердің, мәліметтердің және растайтын құжаттардың дұрыстығы, сондай-ақ Жобаны іске асыруға тартылатын өнім берушілерді, мердігерлерді, орындаушыларды және өзге де тұлғаларды таңдау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтағаны үшін жауапты болады. ҚМГ-ның мониторинг жүргізуі, тексеру жүргізуі немесе жекелеген құжаттарды келісуі Пайдаланушыны Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатпайды. ҚМГ Пайдаланушының қайырымдылық көмекті нысанасыз пайдаланғаны және Жобаны іске асырудың бекітілген жоспарын сақтамағаны үшін жауапты болмайды.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Шарт тараптарының әрқайсысының Шарт жасасу және орындау үшін барлық қажетті құқықтары, өкілеттіктері және заңды мәртебесі бар екендігіне сендіреді және кепілдік береді. Тараптар туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер мен консультациялар арқылы реттеуге ақылға қонымды күш салуға міндеттенеді.

5.2. Шартты іске асыру мақсатында Тараптар, қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген келісімдер мен рұқсаттарды алуға көмекті қоса алғанда, өзара жәрдем көрсетуге міндеттенеді. Пайдаланушы Жобаны іске асыру үшін қажетті барлық келісімдер мен рұқсаттарды уақтылы алуға міндетті.

5.3. Шарт талаптарына сәйкес жазбаша нысанда берілуге тиіс барлық ресми хат-хабар, хабарлаулар, есептер және өзге де хабарламалар алдын ала жіберілуге тиіс және егер қол қойғызып жеке табыс етілсе, табыс етілгені хабарланатын тапсырыс хатпен жіберілсе не алынғаны расталатын, түпнұсқалары кейіннен жіберілетін болып, электрондық пошта арқылы жіберілсе, тиісінше жіберілген болып есептеледі.

5.4. ҚМГ немесе ол уәкілеттік берген тұлғалар Шарт шеңберінде бөлінген қаражаттың нысаналы мақсатына сай пайдаланылуына аудит (тексеру) жүргізуге рұққылы. Пайдаланушы бірінші талап етілген бойда қаражаттың нысаналы мақсатына сай пайдаланылғанын растайтын барлық құжаттар мен материалдарды ұсынуға міндеттенеді.

5.5. Шарт Тараптардың арасында бұрын немесе кейін жасалған өзге шарттардан немесе келісімдерден туындайтын құқықтары мен міндеттерін қозғамайды және шектемейді.

5.6. Дауларды реттеу мүмкін болмаған жағдайда, келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешілуге тиіс.

5.7. Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша нысанда ресімделген, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда жарамды және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

5.8. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Жобаны іске асыру аяқталғаннан кейін күшін сақтайтын міндеттемелерді қоса алғанда, Шартта көзделген міндеттемелер толық орындалғанға дейін қолданылады.

5.9. Шарт орыс және мемлекеттік тілдерде, бірдей заңды күші бар, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан екі (2) данада жасалып, қол қойылды.

5.10. Төменде аталған құжаттар мен оларда айтылған талаптар Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) Шарт;

2) Жобаны іске асыру жоспары, қайырымдылық көмектің сомасы мен мерзімдері (1-қосымша);

- 3) Қайырымдылық көмектің нысаналы мақсатына сай пайдаланылуы туралы __ жылға арналған есеп (2-қосымша);
 4) Жобаның нысаналы мақсаты бойынша іске асырылуын растайтын құжаттардың тізбесі (3-қосымша).

6. Тараптардың деректемелері мен қолдары:

ҚМГ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ

БСН 020240000555

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ-сы, Есіл
 ауд., Дінмұхамед Қонаев к-сі, 8-ғимарат

БСК HSBKKZKX

ЖСК KZ356010111000002033

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Тел.: +7 (717) 278-6102

Лауазымы

Пайдаланушы

БСН

Лауазымы

_____ -

_____ -

20_ ж. «__» _____ № __
 Қайырымдылық көмек көрсету туралы шартқа
 № 1 қосымша

**Жобаны іске асыру жоспары,
 қайырымдылық көмектің сомасы мен мерзімдері**

	Қайырымдылық жобасының іс-шаралары	Алдын ала құны, теңге	Іс-шараларды іске асыру мерзімі	ҚМГ қайырымдылық көмегінің сомасы	ҚМГ қайырымдылық көмегін төлеу мерзімі
1					
2					
3					
4					
5					
		ЖИЫНЫ:		ЖИЫНЫ:	

Тараптардың қолдары:

ҚМГ
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ

Лауазымы

_____ - . _____

Пайдаланушы

Лауазымы

_____ - . _____

20_ ж. «__» _____ № __
 Қайырымдылық көмек көрсету туралы шартқа
 № 2 қосымша

**Қайырымдылық көмектің нысаналы мақсатына сай пайдаланылуы туралы _____
 жылға арналған есеп**

**Негіздеме: Қайырымдылық көмек көрсету туралы _____ ж. № __
 шарт**

**Шарт бойынша алынған қайырымдылық көмек сомасы –
 _____ теңге**

р/с №	Шығыстар бабы (қаражатты пайдалану бағыты)	Сомасы, теңге			Ескертпе	Растайтын құжаттар
		Жоспар *	Факт	Ауытқу (4-б. 3-б.)		
1	2	3	4	5	6	7

* осы бағанда қайырымдылық көмек көрсету туралы өтінішпен бірге жіберілген Шығыстар сметасына сәйкес жоспарлы мәндер көрсетіледі

20_ ж. «__» _____ № __
 Қайырымдылық көмек көрсету туралы шартқа

Жобаның нысаналы мақсаты бойынша іске асырылуын растайтын құжаттардың тізбесі:

(Жобаның сипатына, мазмұнына және ерекшелігіне қарай қолданылады):

- 1) шығыстардың жоспарлы және нақты сомалары туралы ақпарат;
- 2) Пайдаланушыға қызмет көрсететін банктің айналым ведомосі (валюталау күнінен бастап есепті ұсыну күніне дейін);
- 3) төлем тапсырмалары, кіріс кассалық ордерлер, шығыс кассалық ордерлер, фискалдық чектер, ақшалай қаражатты беруге арналған төлем ведомостері;
- 4) тауарларды сатып алу-сату, жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету шарттары, шарттар/келісімшарттар;
- 5) шот-фактуралар, жүкқұжаттар, инвойстар;
- 6) орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актілері;
- 7) бұйрықтар, жол жүру билеттері, отырғызу талондары, тұруға арналған шоттар, аванстық есептер;
- 8) жалақыны есептеу жөніндегі есеп айырысу ведомостері;
- 9) жеке тұлғаларға қол қойғызу арқылы ақшалай қаражатты, тауарлық-материалдық құндылықтарды және өзге де мүлікті беру ведомостері, аванстық есептер;
- 10) фото-, бейнематериалдар;
- 11) есепті тоқсан үшін банктік шоттан үзінді көшірмелер;
- 12) валютаны айырбастауға арналған өтініш;
- 13) шетел валютасында аударым жасауға арналған өтініштер;
- 14) жүк кедендік декларациялары;
- 15) Пайдаланушының ішкі бұйрықтары, өкімдері және шешімдері;
- 16) қаражаттың нысаналы пайдаланылуын растайтын өзге де құжаттар.

ҚМГ қажет болған жағдайда қаражаттың нысаналы пайдаланылуын растау үшін қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

_____ 202_ жылға қайырымдылық көмек көрсетудің шоғырландырылған көлемі туралы есеп
(атауы)

№ р/н	Қайырымдылық көмектің негізгі басымдықтары және заңды тұлғаның/жеке тұлғаның атауы	Жоспар	202_ ж. қаржылық есептің деректері бойынша нақты						Қайырымдылық көмек көрсету туралы шешім (шешімнің атауы, №, күні) және көмек көрсеткен Ұйымның атауы	Қайырымдылық көмек көрсету туралы шешім (шешімнің атауы, №, күні) және көмек көрсеткен Ұйымның атауы
			Төленген/аударылған нақты қаражат					Ескертпе		
			1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	Жыл қорытындысы бойынша			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
БАРЛЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК, оның ішінде:										
1.										
2.										
3.										
п...										
ЖАЛПЫ:										

Есепті толтыру жөніндегі басшылық ақпаратты енгізу әрбір алушы бойынша жеке-жеке жолдармен жүзеге асырылады
(ҚК көрсету туралы әрбір шарт шеңберінде) бағандардың сипаттамасы:

- 1 Өсу бойынша жолдың реттік нөмірі
- 2 Заңды тұлғаның/қайырымдылық көмек алушының атауы, жобаның атауы;
- 3 Қайырымдылық көмектің жоспарланған құны;
- 4 Есепті жылдың 1-тоқсаны үшін бөлінген қаражаттың нақты аударымы;
- 5 Есепті жылдың 2-тоқсаны үшін бөлінген қаражаттың нақты аударымы;
- 6 Есепті жылдың 3-тоқсаны үшін бөлінген қаражаттың нақты аударымы;
- 7 Есепті жылдың 4-тоқсаны үшін бөлінген қаражаттың нақты аударымы;
- 8 Есепті жыл бойынша бөлінген қаражаттың нақты аударымы;
- 9 Ескертпе;
- 10 Қайырымдылық көмек көрсету туралы Компанияның атқарушы органының шешімі көрсетіледі (шешімнің №, күні);
- 11 Қайырымдылық көмек көрсету туралы Компанияның атқарушы органының шешімі көрсетіледі (шешімнің №, күні).